ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегі
январь-сентябрь 2006 года

АЛМАТЫ, 2006

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы журнал

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бас редактор - Б.Сұлтанов

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 125, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефондар: 8 (327-2) 77-52-29, 77-52-25
Факс: (327-2) 42-43-38
Электрондық мекен-жай: stat@ mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Шартты белгілер:

-	–	құбылыс жоқ
0,0	–	болмашы шама
…	–	деректер жоқ (табыс етілмеген)

Таралымы: 250 дана.
Көлемі = 12,83 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ежемесячный информационно-аналитический журнал

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - Б.Султанов

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-сентябре 2006г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 050008, г. Алматы, пр Абая, 125, Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефоны: 8 (327-2) 77-52-29, 77-52-25
Факс: (327-2) 42-43-38
Электронный адрес:stat@ mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Условные обозначения:

-	–	явление отсутствует
0,0	–	незначительная величина
...	–	данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 12,83 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

© Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2006
© Агентство Республики Казахстан по статистике, 2006

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы қаңтар-қыркүйектегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары ... 5

2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі ... 7

2.1 Еңбек өнімділігі ... 7
2.2 Өнеркәсіп өндірісі ... 8
2.3 Ауыл шаруашылығы ... 12
2.4 Құрылыс ... 14
2.5 Көлік ... 15
2.6 Байланыс ... 15
2.7 Сауда және өзге де қызметтер ... 16

3. Шағын бизнес мониторингі ... 18

4. Сыртқы сауда ... 19

4.1 Сыртқы сауда айналымы ... 19
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда ... 20
4.3. Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда ... 20
4.4 Төлем балансы ... 20

5. Инвестициялар ... 22

6. Баға ... 23

6.1 Тұтыну бағалары ... 23
6.2 Экономиканың нақты секторындағы бағалар ... 24

7. Қаржы жүйесі ... 26

7.1 Мемлекеттік қаржы ... 26
7.2 Кәсіпорындардың қаржы қызметі ... 27
7.3 Ақша-кредит жүйесі ... 29

8. Еңбек рыногы және еңбекке ақы төлеу ... 30

8.1 Жалданып жұмыспен қамтылу ... 30
8.2. Жұмыссыздық және жұмыспен қамтамасыз ету ... 30
8.3 Еңбекке ақы төлеу ... 31

9. Халықтың табысы ... 33

10. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала ... 36

10.1 Демографиялық ахуал ... 36
10.2 Халықтың ауру-сырқаулығы ... 37
10.3 Қылмыстылық ... 38

11. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау ... 39

12. Конъюнктуралық зерттеулер ... 42

13. Әлемдік экономиканың даму үрдістері ... 45

13.1 ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ... 45
13.2 ЕО және Еуро-аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері ... 50
13.3 2006 жылдың қыркүйегінде жекелеген тауарлардың әлемдік рыногының конъюнктурасы ... 54

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-сентябре 2006 года ... 57

2. Производство товаров и услуг ... 59

2.1 Производительность труда ... 59
2.2 Промышленное производство ... 60
2. 3 Сельское хозяйство ... 64
2.4 Строительство ... 66
2.5 Транспорт ... 67
2.6 Связь ... 67
2.7 Торговля и прочие услуги ... 68

3. Мониторинг малого бизнеса ... 70

4. Внешняя торговля ... 71

4.1 Внешнеторговый оборот ... 71
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ ... 72
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира ... 72
4.4 Платежный баланс ... 72

5. Инвестиции ... 74

6. Цены ... 75

6.1 Потребительские цены ... 75
6.2 Цены в реальном секторе экономики ... 76

7. Финансовая система ... 78

7.1 Государственные финансы ... 78
7.2 Финансовая деятельность предприятий ... 79
7.3 Денежно-кредитная система ... 81

8. Рынок труда и оплата труда ... 82

8.1 Занятость по найму ... 82
8.2 Безработица и обеспечение занятости ... 82
8.3 Оплата труда ... 83

9. Доходы населения ... 85

10. Демографические процессы и социальная сфера ... 88

10.1 Демографическая ситуация ... 88
10.2 Заболеваемость населения ... 89
10.3 Преступность ... 90

11. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ ... 91

12. Конъюнктурные обследования ... 94

13. Тенденции развития мировой экономики ... 97

13.1 Социально-экономическое положение стран СНГ ... 97
13.2 Текущее состояние стран ЕС и Евро-зоны ... 102
13.3 Конъюнктура мирового рынка отдельных товаров в сентябре 2006г. ... 106

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2006 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Экономиканың нақты секторы. 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 4703 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 6,8% көп. 2005 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 7,8%-ға, кен өндіру өнеркәсібінде – 6,1%-ға, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 5,9%-ға өсті.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 632,0 млрд. теңгені құрап, 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 8,2% өсті.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 1451,5 млн. тоннаны құрап, 2005 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,1% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 1112,5 млрд. теңгені құрап, 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 13,7% артты.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 1802,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 1,2 есе жоғары.

2006 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада 243223 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер - 229049. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар – 177348. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 164131 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 116550.

Сыртқы сауда. 2006 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 38223,8 млн. АҚШ долларын құрап, 2005 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 33,4% өсті, соның ішінде экспорт – 23899,7 млн. АҚШ доллары (34,9% өсті), импорт – 14324,1 млн. АҚШ доллары (30,9% өсті) болды.

Баға. Тұтыну бағаларының индексі 2006 жылғы қыркүйекте 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 105,9% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 4,4%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 5,4%, ақылы қызметтер – 8,9% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалары 2006 жылғы қыркүйекте 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 18,9% өсті.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2006 жылдың 1 қыркүйегінде 1566,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы 1 қыркүйектегіден 29,4% көп, ал шығын – 1424,2 млрд. теңгені (45,2%) құрады.

2006 жылғы II тоқсанда есеп берген кәсіпорындар мен ұйымдардың деректері бойынша қаржы нәтижесі табыс ретінде 785,5 млрд. теңге сомасында белгіленді, бұл 2005 жылғы II тоқсандағы деңгейден 57,9% жоғары. Пайдалылық деңгейі 41,6% құрады. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан залалды кәсіпорындардың үлесі 36,4% құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2006 жылғы 1 қыркүйекке 3583,8 млрд. теңгені құрады. Олардың өсуінің тұрақты серпіні байқалады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 73,6%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 49,7% құрады. 2006 жылғы 1 қыркүйекке банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 2410,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы 1 қыркүйектегіден 62,9% көп, соның ішінде халық депозиттері (салымдары) 805,4 млрд. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 қыркүйектегіден 56,2% көп.

Еңбек рыногы. 2006 жылғы қыркүйекте жұмыссыздар саны сараптамалық бағалау бойынша 601,5 мың адамды, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздық деңгейі 7,3%, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдар саны ағымдағы жылғы қыркүйектің соңында 88,9 мың адамды құрады, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы олардың үлесі –1,1%.

Халықтың табысы. 2006 жылғы тамызда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 19475 теңгені құрап, 2005 жылғы тамызбен салыстырғанда – 20,3%, нақты ақшалай табысы – 10,7% өсті.

2006 жылғы тамызда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 42376 теңгені құрап, 2005 жылғы тамызбен салыстырғанда 20,6% өсті. Нақты жалақы 10,9% көбейді.

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР

	Өлшем бірлігі	2006ж. қаңтар-қыркүйек	2006ж. қыркүйек	Өткен жылдық тиісті кезеңіне %- бен		2006ж. қыркүйек 2006ж. тамызға %-бен
				2006ж. қаңтар-қыркүйек	2006ж. қыркүйек	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	4703	547	106,8	108,1	97,5
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	632,0	320,4	108,2	112,1	436,0
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	1451,5	203,7	104,1	106,5	106,1
Байланыс қызметтерінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда), жедел деректер бойынша	млрд. теңге	198,6	24,1	121,7	118,0	107,1
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	1112,5	140,4	113,7	115,0	100,9
Сыртқы сауда айналымы[1)5)]	млн. АҚШ доллары	38223,8	5505,3	133,4	145,4	101,2
соның ішінде:						
экспорт		23899,7	3234,4	134,9	143,3	97,1
импорт		14324,1	2270,9	130,9	148,5	107,7
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	1802,9	277,6	120,0	118,5	110,8
Тұтыну бағаларының индексі				108,7	105,9[2)]	100,5
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі				120,7	118,9[2)]	101,0
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам		601,5		97,7	99,3
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау)[1)]	теңге	141419	19475	122,5*	120,3*	104,5
Нақты ақшалай табыс (бағалау)[1)]	%-бен			112,7*	110,7*	104,3
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы[1)]:						
атаулы	теңге	38639	42376	122,7	120,6	105,0
нақты	%-бен			112,9	110,9	104,8
Қаржы көрсеткіштері[3)]						
М3 ақша жиыны [4)]	млрд. теңге		2965,1		157,6	105,4
Айналымдағы қолма-қол ақша[4)]	млрд. теңге		555,0		138,1	97,0
Банк жүйесіндегі депозиттер[4)]	млрд. теңге		2410,2		162,9	107,5
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		805,4		156,2	105,8
ЕДБ-ның экономика салалары мен халыққа кредит беруі[4)]	млрд. теңге		3583,8		175,9	108,3
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		2638,2		190,8	109,8
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы[1)]	%-бен		41,6		-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі	млрд.теңге		3211,1[6)]		138,3[7)]	103,5[8)]
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі	млрд.теңге		7225,0[6)]		133,7[7)]	103,9[8)]

[1)] 1-баған – 2006 жылғы қаңтар-тамыз; 2-баған – 2006 жылғы тамыз; 3-баған – 2006 жылғы қаңтар-тамыз 2005 жылғы қаңтар-тамызға %-бен; 4-баған – 2006 жылғы тамыз 2005 жылғы тамызға %-бен; 5-баған – 2006 жылғы тамыз 2006 жылғы шілдеге %-бен.
[2)] 2005 жылғы желтоқсанға.
[3)] 2-баған - кезең басына; 4–баған - 01.09.2006 жыл 01.09.2005 жылға; 5-баған - 01.09.2006 жыл 01.08.2006 жылға.
[4)]ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша.
[5)] Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз.
[6)] 2006 жылғы II тоқсан.
[7)] 2006 жылдың II тоқсаны 2005 жылдың II тоқсанына.
[8)] 2006 жылдың II тоқсаны 2006 жылдың I тоқсанына.
** 2005 жылғы қаңтар-тамыздағы және тамыздағы нақтыланған деректерге %-бен.*

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

2006 жылдың I жартыжылдығында еңбек өнімділігі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономика бойынша тұтастай алғанда 107,6% құрады. Еңбек өнімділігінің ең жоғары индексі қаржы қызметінде (137,5%), балық аулау, балық өсіруде (125,9%), құрылыста (119,2%) байқалады. Жұмыспен қамтылудың елеулі өсімі еңбек өнімділігінің: жылжымайтын мүлікпен операцияларда жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетуде – 84,9% кемуіне алып келді.

2006 жылғы қаңтар-маусымындағы еңбек өнімділігі

	Экономикада жұмыспен қамтылғандар санының өсу (кему) қарқыны, кезең тиісті кезеңге, %	ЖҚҚ-нің нақты көлем индексі, кезең тиісті кезеңге, %	Экономикада жұмыспен қамтылғандардың еңбек өнімділігінің индексі, кезең тиісті кезеңге, %	Орташа айлық атаулы жалақы, өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен	Жалпы қосылған құн, млн. теңге	Экономикада жұмыспен қамтылғандар, мың. адам	ЖҚҚ экономикада жұмыспен қамтылған бір адамға, мың. теңге
Барлығы	102,3	110,1	107,6	124,2	4 228 420,7	7 331,6	576,7
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы	99,3	104,1	104,8	128,1	95 747,7	2 327,1	41,1
Балық аулау, балық өсіру	85,8	108,0	125,9	117,9	2 589,5	16,7	155,1
Өнеркәсіп	99,0	105,2	106,3	121,1	1 452 705,1	897,5	1 618,6
Кен өндіру өнеркәсібі	94,0	103,5	110,1	118,5	799 613,5	187,3	4 269,2
Өңдеу өнеркәсібі	101,6	107,4	105,7	123,0	566 735,0	546,6	1 036,8
Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу	96,6	106,3	110,0	118,6	86 356,6	163,6	527,9
Құрылыс	115,4	137,6	119,2	117,7	289 910,6	445,1	651,3
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу	104,6	109,5	104,7	117,2	559 032,3	1 050,4	532,2
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	107,6	113,3	105,3	101,8	32 606,5	94,3	345,8
Көлік және байланыс	102,9	109,5	106,4	120,6	502 070,8	540,9	928,2
Қаржы қызметі	106,5	146,4	137,5	125,8	162 416,0	73,0	2 224,9
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету	127,4	108,2	84,9	117,1	705 507,9	318,3	2 216,5
Мемлекеттік басқару	94,9	106,3	112,0	133,6	102 614,7	333,9	307,3
Білім беру	102,0	104,5	102,5	130,0	149 994,2	707,5	212,0
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	100,3	103,4	103,1	132,9	88 403,3	324,4	272,5
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету	102,0	115,4	113,1	118,1	84 822,1	202,5	418,9

2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындары (шағын, қосалқы кәсіпорындарды, үй шаруашылықтары секторын қоса) қолданыстағы бағада 4703 млрд. теңгенің өнімін өндірді, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге 106,8% құрады. Өндіріс көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды, тек Атырау (99,5%) және Батыс Қазақстан (97,2%) облыстарынан басқа.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2761,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл біріктірілген темір (30,4%-ға), қорғасын-мырыш (25,8%-ға), марганец (16,8%-ға) және мыс (2,3%-ға) кендері; теміркенді шекемтастар (11,9%-ға); тас көмір (11,4%-ға); шикі мұнай (6,7%-ға) өндіруді арттыру есебінен 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегінен 6,1%-ға жоғары. Сонымен қатар, құрамында алтыны бар (15,3%-ға), мыс-мырыш (14,5%-ға), біріктірілмеген темір (11,6%-ға) және хром (3%-ға) кендерін; газ конденсаты (5,8%-ға); табиғи газ (4%-ға); лигнит (2,7%-ға) өндіру қысқарды.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі кен өндіру өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Өңдеу өнеркәсібінде 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 1700 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі деңгейден 7,8%-ға жоғары.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 392,1 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өңделді, соның ішінде **сусындарды қоса, тамақ өнімдерін өндіру** 354,1 млрд. теңгені құрады, бұл үй құстарының ет және тағамдық қосымша өнімдер; еттен жасалған консервілер; шұжық өнімдері; дайындалған және консервіленген балық; жеміс және көкөніс шырындарын; күнбағыс, рапс, соя және жүгері майлары; сүт және кілегей; ірімшік және сүзбені; ұн; жарма; макарон және кондитерлік өнімдер; майонез өндіруді арттыру есебінен 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 6,6%-ға өсті. Сондай-ақ, сыра (15%-ға) және ликер (12,2%-ға) өндіруді арттыру қамтамасыз етілді. Мұнымен қатар, жүзім шарабын (18%-ға); коньяк (2,6%-ға); этил спиртін (1,6%-ға); арақ (0,8%-ға) шығару төмендеді.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 24,9 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл негізінен әйелдердің жұмыс киімдері (4,8 есе); трикотаж сырт киімдер, мақта ірімжіптерін және мата (1,8 есе) өндіруді арттыру есебінен 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 1,4%-ға артты. Сонымен қатар, төсек жаймалары (54,2%); жүн ірімжіптері (55,1%); свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас бұйымдар (84,7%); мақта талшығын (87,2%); кілем және кілем бұйымдарын (96,7%) шығару қысқарды.

Былғары және былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқкиімдер 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 1,3 млрд. теңгеге өндірілді, бұл қойдың, ешкінің және шошқаның (4,1 есе) және ірі қара малдың немесе жылқы тектес жануарлардың (8,6%-ға) терісінен жасалған былғары; аяқкиім (14,8%-ға) шығаруды арттыру есебінен 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 1,6%-ға жоғары. Мұнымен қатар, қайыс-ер бұйымдарын (67,5%-ға) шығару қысқарды.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 4,3 млрд. теңгені құрады, 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда рейкалар және штапиктер (1,6 есе); терезелер, есіктер және олардың рамаларын (30,8%-ға); ағаш талшығынан жасалған тақталар (22,8%-ға); ағаш ыдыстар (7,8%-ға) шығаруды арттыру есебінен 5,3%-ға жоғары. Сонымен бірге, құрылыстың құрама ағаш конструкциялары (15,4%); ағаш жаңқасынан жасалған тақталарын (40%); ағаштан жасалған теміржол немесе трамвай шпалдарын (51,1%); ағаш материалдарын (92,7%) өндіру қысқарды.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 39 млрд. теңгеге өнім өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 17,8%-ға жоғары. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қағаз қаптар мен пакеттер (130,2%); кеңірдектелген қағаз бен қатырма қағаз (126,1%); кітаптар, кітапшалар, үндеухаттар және соған ұқсас жеке парақтағы баспа материалдарын (118,7%); кеңірдектелген қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған қораптар, жәшіктер және сөмкелер (113,8%); почталық ашық хаттар (109,8%); аптасына төрт реттен кем және төрт реттен көп шығатын газеттер, жорналдар және мерзімдік басылымдар (тиісінше 104,1 және 103,8%) шығаруды арттыру қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, дәптерлер (23,7%-ға); тұсқағаз (5,9%-ға) өндіру қысқарды.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 137,4 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл негізінен керосин (44,6%-ға); газойль (7,6%-ға); кокс және жартылай кокс (6,5%-ға); мотор отынын (бензин) (1,7%-ға) өндіруді арттыру есебінен өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 5,1%-ға жоғары. Сонымен бірге, көмірсутекті сұйытылған газдар (82,4%); жағатын мазут (94,7%); сұйытылған пропан және бутан (99,5%) шығару қысқарды.

Химия өнеркәсібінде 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 39,1 млрд. теңгенің өнімі өндірілді немесе хром тотығы (67,4%); фосфор (67,6%); минералды немесе химиялық фосфорлы тыңайтқыштар (71,6%); натрий бихроматын (92,6%); хром илегіш (95,8%); хромды ангидрид (96,5%) шығаруды азайтуға байланысты 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 5,9%-ға төмен болды. Мұның өзінде, натрий трифосфатын (248,8%); ортофосфор (фосфор) (207,3%) және күкірт (103,2%) қышқылын; фармацевтикалық препараттар (132,1%); минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар (126,4%) өндіру артты.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде** 25,2 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл пластмассадан (1,7 есе) және резеңкеден (4,6%-ға) жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер; полиэтиленнен жасалған қаптар және сөмкелер (26,1%-ға); қораптар, жәшіктер, тор ыдыстар (21,8%-ға); пластмассадан жасалған есіктер және терезелер (20,1%-ға); конвеерлық резеңке ленталар (16,1%-ға) шығаруды арттыру есебінен өткен жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі деңгейден 31,1%-ға жоғары.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте 104,3 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге 117,2% құрады, бұл негізінен ғанышкартонын және қыштан жасалған тақталар және тақтайшалар (1,6 есе); құрылыс ерітінділерін (40,4%-ға); құрылысқа арналған бетон өнімдерін (22,2%-ға); бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкцияларын (22%-ға); цемент (16,6%-ға); тауарлық бетон (8,1%-ға) өндіруді арттыру есебінен болды. Мұнымен қатар, жабын бұйымдарын (24%-ға); фарфордан жасалған асхана және асүй ыдыстарын (13,9%-ға); әк (3,5%-ға) өндіру төмендеді.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **металлургия өнеркәсібінде және металдан жасалған дайын бұйымдар өндірісінде** 756,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, соның ішінде қара және түсті металлургия өнімі – тиісінше 205,4 және 482,4 млрд. теңге. Тұтастай қызмет түрі бойынша 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі нақты көлем индексі 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 107% құрады, сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 40%-дан астамы келеді. **Қара металлургияда** ферроқорытпалар (5,7%-ға) және жайма илек (4,6%-ға) шығаруды арттыру есебінен өндіріс 5,5%-ға өскен. Болат және шойын өндірісі тиісінше 4,8 және 1,8%-ға төмендеген. **Түсті металдар өндірісінде** нақты көлем индексі 105,7% құрады. Өзге де өңделмеген алтын (3,4 есе); мыс сым (3 есе); өңделмеген мырыш (3,1%-ға); алюминий тотығы (2%-ға) сияқты өнім түрлері бойынша өндіріс артты. Сонымен қатар, өңделмеген қорғасын (85,2%); аффинаждалған алтын (93,3%) және күміс (98,4%); тазартылған мыс (99,3%) шығару төмендеді.

Дайын металл өнімдерін өндіру 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге 122,2% құрады, бұл сыйымдылығы 50-300 л цистерналар, кеспектер және барабандар (3,2 есе); орталық жылу жүйесінің қазандарын (22,7%-ға); қара металдан жасалған ванналар (14,1%-ға); орталық жылу жүйесіне арналған радиаторлар (14%-ға) шығаруды арттыру есебінен өсті. Сонымен қатар, қымбат емес металдармен қапталған электродтар (26,1%-ға); мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлар (4%-ға) шығару қысқарды.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Машиналар мен жабдықтар өндіруде 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 46 млрд. теңгенің өнімі шығарылды немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 7,3%-ға төмендеді. 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге қарағанда мұнай-газ өңдейтін (56,7%-ға) және мұнай кәсібіне арналған (3,1%-ға) жабдықтар; қатарлап дестегіштер (45%-ға); орталықтан тебетін сорғылар (37,6%-ға); мойынтіректер (13,4%-ға) шығару қысқарған. Мұнымен қатар, экскаваторлар (325%); кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар (210,6%); тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғатқыш машиналар (152,3%); көпірлік және төрттағанды крандар (120%); қозғалтқыштар (104,7%) шығару артты.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар** 34,4 млрд. теңгеге өндірілген, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейге 119% құрады. 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда электр трансформаторлар (2,1 есе) және конденсаторлар (12,3%-ға); электр тізбектерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған, кернеулілігі 1000 В-дан көп аппаратуралар (46,4%-ға); теледидарлар (14,3%-ға) шығару өсті. Мұнымен қатар, электр аккумуляторлар (82,6%); ақпараттарды өңдеуге арналған цифрлық машиналар (88,5%); магнитофондар (90,5%); бөлектенген сымдар мен кабельдер (98,7%) шығару қысқарған.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 73,7 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 44,8%-ға жоғары. 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі деңгейге қарағанда жүк тасымалдайтын (27,9 есе), он және одан көп адам тасымалдайтын (3 есе), арнайы және мамандандырылған (2,5 есе), жолаушыларға арналған жеңіл (39%-ға) автомобильдер шығару артқан. Теміржол локомотивтерін, трамвайға арналған моторлы вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтерінің (15,2%-ға) көлемі артқан. Сонымен бірге, қозғалтқыштардың бөлшектері (40,2%); автомобиль тіркемелері және жартылай тіркемелер (72%) 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден аз шығарылған.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 21,9 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл өткен жылдың тиісті кезеңінен 3,9%-ға төмен. 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге қарағанда спорт тауарларын (56%-ға); зергерлік бұйымдар (23,3%-ға); ағаштан жасалған асхана және қонақ күту бөлмелеріне арналған жиһаз (32,5%-ға) және металдан жасалған кеңсе жиһазы (5,8%-ға) шығару төмендеді. Мұның өзінде, асүйге арналған жиһаз (34%-ға); қаңқасы негізінен металдан жасалған отыруға арналған жиһаз (32,9%-ға) және ағаштан жасалған кеңсе жиһазы (3,1%-ға); ағаш төсектер (14%-ға) шығару өскен.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде нақты көлем индексі 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 105,9% құрады.

Электр энергиясын өндіру 51,8 млрд. кВт. сағ. құрады немесе 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі деңгейден 5,3% жоғары, мұны Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындары қамтамасыз етті.

Жылу энергиясын өндіру 62,3 млн. Гкал құрады немесе өткен жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 1,3% артық. Өндірістің өсуін Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және Алматы қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындары қамтамасыз етті.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімдерінің көлемі 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде тұтастай республика бойынша (бағалау бойынша) ағымдағы бағада 632 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылдың тиісті кезеңіндегіден 8,2% артық.

Өсімдік шаруашылығы

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша ағымдағы жылдың 2 қазанындағы жағдай бойынша дәнді дақылдарды жинау аяқталып келеді. Тұтастай республика бойынша дәнді дақылдар жиналуға тиісті егіс алқабының 97,7%-ынан (13932,5 мың га), өткен жылдың осы күніне 98,7% (13788,4 мың га) алаң астық жиналды. Дәнді дақылдар Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай облыстарында толықтай жиналды – жиналуға тиісті егіс алқабының 99,4%-ы, Солтүстік Қазақстан облысында – 99,3%, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облысында – 98,0%, Павлодар облысында – 97,4%, Жамбыл – 97,2%, Алматы – 91,9%, Қызылорда – 79,5% және Шығыс Қазақстан – 78,4%.

Жиналған алқаптан 17673,3 мың тонна дән бастырылды, алғашқы кіріске алынған салмағында, бұл өткен жылғыдан 15,5%-ға көп, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында – 5118,9 мың тонна, Қостанай облысында – 5026,6 мың тонна, Ақмола облысында - 3883,1 мың тонна, Алматы облысында – 872,4 мың тонна, Қарағанды облысында – 442,8 мың тонна, Шығыс Қазақстан облысында – 433,0 мың тонна, Жамбыл облысында – 422,8 мың тонна, Павлодар облысында – 406,1 мың тонна, Оңтүстік Қазақстан облысында – 404,9 мың тонна, Батыс Қазақстан облысында – 291,5 мың тонна, Қызылорда облысында – 240,3 мың тонна, Ақтөбе облысында – 130,9 мың тонна.

Дәнді дақылдардың шығымдылығы (алғашқы кіріске алынған салмағында) 1 гектардан 12,7 центнерді құрады, өткен жылы – 11,1 центнер болған. Өткен жылғыдан артық шығымдылық Солтүстік Қазақстан облысында (16,2 центнер астық, өткен жылы – 13,1 центнер), Қостанай (тиісінше 14,0 және 11,8) және Ақмола (10,8 және 9,6) облыстарында орын алды.

Мұнымен қатар, 1 гектардан астық бастыру Қызылорда (35,8 центнер, өткен жылы – 36,0 центнер болған), Алматы (тиісінше 19,4 және 19,9), Оңтүстік Қазақстан (16,4 және 18,6), Жамбыл (11,9 және 17,6), Шығыс Қазақстан (9,9 және 11,4), Ақтөбе (2,9 және 4,8) облыстарында азайды.

Жаңа орылған астықтан алынған дәнді дақылдар тұқымын себу қатар жүргізілуде. 2 қазандағы жағдай бойынша 1820,4 мың тонна тұқым дайындалған немесе қажеттіліктің 91,4%-ы. Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында тұқым себу толығымен аяқталды. Алматы, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қажеттіліктен 92-81% тұқым дайындалған, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында – 78-61%, Ақтөбе облысында – 49,5%, Жамбыл облысында – 30,9%. Өткен жылы осы күнге тұтастай республика бойынша 1849,9 мың тонна немесе талап етілген көлемнің 92,9%-ы себілді.

Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша, өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал санының (6284,7 мың бас), қой мен ешкі санының (17397,2 мың бас), шошқа санының (1771,5 мың бас), жылқы санының (1343,0 мың бас), түйе санының (142,4 мың бас) және құс санының (30937,7 мың бас) өсуіне қол жеткізілген.

2005 жылдың 1 қазанынан бергі кезең ішінде барлық облыстардың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері ірі қара мал және жылқы санын көбейткен, қой мен ешкі саны – 13 облыста, шошқа саны - 9, түйе саны – 11 облыста және құс саны 10 облыста көбейген. Маңғыстау облысында (6,1%) қой мен ешкі саны, Ақтөбе (21,6%), Жамбыл (3,3%), Қызылорда (2,4%), Батыс Қазақстан (1%), Павлодар (0,5%) облыстарында шошқа саны, Шығыс Қазақстан облысында (20%) түйе саны, Ақмола (7,3%), Павлодар (3,8%), Қарағанды (3,3%), Шығыс Қазақстан (1,8%) облыстарында құс саны азайды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ет және сүт өндірісінің өсуі барлық облыстарда, жұмыртқа өндірісінің өсуі - Алматы (79,4%), Шығыс Қазақстан (98,6%) облыстарынан басқа барлық облыстарда байқалды.

Шаруашылықтардың жекелеген санаттарының мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндірудегі үлес салмағы



2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, жете бағалауды ескере отырып, 604,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 1,3 есе көп.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы қомақты – 80,3%. Мердігерлік жұмыстардың жалпы көлемінің 18,9%-ын шетелдік мердігерлер, 0,8%-ын мемлекеттік ұйымдар орындады.

Республиканың 15 өңірінде құрылыс жұмыстарының көлемі 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден асып түсті. Мұның өзінде көлемнің едәуір өсуі Манғыстау, Шығыс Қазақстан (1,5 есе), Қостанай, Павлодар (1,4 есе), Ақмола, Оңтүстік Қазақстан (1,3 есе) облыстарында, Алматы (1,6 есе) және Астана қалаларында (1,4 есе) байқалды.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте жалпы ауданы 5068 мың шаршы метр болатын 23843 үй, соның ішінде тұрғын үй мақсатында – тиісінше 4008,8 мың шаршы метр болатын 21026 үй салынды.

Тұрғын үй құрылысы

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үй құрылысына 221,5 млрд. теңге инвестиция жұмсалды, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 1,4 есе артық. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 4 млн. шаршы метр болатын тұрғын үй салды, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 1,3 есе жоғары.

Тұрғын үйлердің жалпы ауданын пайдалануға беру

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте республиканың 15 өңірінде салынған тұрғын үйлердің жалпы ауданы өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден асып түсті. Мұның өзінде көлемнің едәуір өсуі Павлодар (1,8 есе), Ақтөбе (1,7 есе), Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда (1,5 есе), Қостанай, Батыс Қазақстан (1,4 есе) облыстарында байқалды. Алматы мен Астана қалаларында өсім тиісінше 1,3 есені және 9,9% құрады.

Өткен жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда, салынған тұрғын үйлер көлемінің төмендеуі Шығыс Қазақстан облысында (5,4%-ға) байқалды.

Республикада салынған тұрғын үйлердің жалпы ауданындағы ең көп үлес салмақты Алматы (14,7%) мен Астана (13,6%) қалалары, Оңтүстік Қазақстан (17,2%), Алматы (8,2%), Атырау (7,8%) облыстары алады.

Республикада тұрғын үй құрылысын негізінен жеке меншік нысанындағы субъектілер жүзеге асыруда, оның едәуір үлесін халық алып отыр, олар тиісінше іске қосылған тұрғын үйдің жалпы көлемінің 89,3% және 65,9% - ын салған.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының нақты орташа құны 35,2 мың теңгені (2005 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 32,5 мың теңге), соның ішінде халықтың салғаны – тиісінше, 24,7 мың теңгені және 21 мың теңгені құрады.

2.5 КӨЛІК

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде республикадағы **жүк тасымалдау** көлемі (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 1451,5 млн. тонна жүкті құрады, бұл 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі жүк тасымалдаудан 4,1% артық.

Республиканың темір жол көлігі 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 178,7 млн. тонна жүк тасымалдады, бұл 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегіден 9,2% жоғары.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде **автотасымал** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 1127,4 млн. тоннаны құрады, бұл 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегінен 3,5% артық.

Магистралдық құбырмен 2006 жылғы қаңтар-қыркүйегінде 144,3 млн. тонна жүк тасу жүзеге асырылды, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 3,2% артық. Айдалған жүктің жалпы көлемінен мұнай және мұнай өнімдері 51,8 млн. тоннаны (2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіне 7,5%-ға өсті), газ – 92,5 млн. тоннаны (0,9%-ға өсті) құрады.

Республикадағы **әуе жүк** тасымалы 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 11288,9 тоннаны құрады немесе 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегінен 25,8%-ға төмендеді.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде республика көлігімен 7698,8 млн. жолаушы тасылды. 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда темір жол көлігінде жолаушылар тасымалдау – 0,3%-ға, троллейбуспен – 9,4%-ға, трамваймен – 5,1%-ға төмендесе; жолаушылар тасымалдау әуе көлігінде – 17,3%-ға, автобуспен – 6,0%-ға, таксимен – 4,4%-ға өскені байқалды.

Көлік түрлерінің үлес салмағы



2.6 БАЙЛАНЫС

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 198,6 млрд. теңге сомада қызмет көрсетсе, одан халыққа көрсетілгені – 71,7 млрд. теңге, бұл 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегіге қарағанда салыстырмалы бағада тиісінше 21,7% және 30,0% артық.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында жедел әрекетті байланыс 45,0%, қалааралық байланыс – 19,2%, жергілікті телефон байланысы – 7,8%, Интернет – 5,3%, радиобайланыс, радиохабар тарату, телевизия – 3,4%, почта – 1,8% алады. Табыстардың жалпы көлемінен 36,1% халыққа байланыс қызметтерін өткізуден алынған.

Ұялы байланыс аса серпінділікпен дамыды (2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте қызмет көлемі 61,7%-ға өсті).

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа байланыс қызметтерін көрсетуден түскен табыстардың жалпы көлемінен 49,2%-ды жедел әрекетті байланыс қызметтерінен, 26,8%-ды қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен, 12,6%-ды жергілікті телефон байланысы қызметтерінен, 11,4%-ды байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрады.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 1112,5 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 13,7% өсті. 2006 жылдың қыркүйегінде тауар өткізу 140,4 млрд. теңгені құрады, бұл тұрақты бағалармен есептегенде 2005 жылдың қыркүйегіндегі деңгейден 15% жоғары, 2006 жылғы тамызбен салыстырғанда көбею 0,9% құрады.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі бөлшек сауда тауар айналымының көлемі бойынша өңірлерді топтастыру

2006 ж. қаңтар-қыркүйегіндегі көлемі, млрд. теңге	Облыстар, қалалар	Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағы (%)
11,3-19,8	Маңғыстау, Қызылорда, Атырау, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола	9,1
22,2-31,0	Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай	7,4
41,4-73,7	Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Астана қаласы	19,6
108,0-120,5	Шығыс Қазақстан, Қарағанды	20,5
482,6	Алматы қаласы	43,4

Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінен және жеке кәсіпкерлер саудасынан алынған айналым 1096 млрд. теңгені (98,5%), басқа мемлекеттерден, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан алынған айналым – 16,3 млрд. теңгені (1,5%) құрады. Республикадағы мемлекеттік сауданың үлесі өте аз.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

(жалпы көлемге %-бен)



2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткізудің барлық арналары бойынша тауар айналымының жалпы көлемінде саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек сауда тауар айналымының үлесі 46,6% (518,7 млрд.теңге) құрады. Бұл кәсіпорындардың тауар айналымы нақты көлемінің өсуі 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда 39,5% құрады. Ағымдағы жылдың қыркүйегінде тауар өткізуден 71,8 млрд. теңге сомасында түсім алынды және 2005 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 38,1% өсті.

Жеке кәсіпкерлердің бөлшек сауда өткізуінің бағалау көлемі бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінің 22,6% құрады.

Ағымдағы жылдың басынан бері республиканың көтерме сауда тауар айналымы 2488,5 млрд. теңгені құрады немесе 2005 жылдың тиісті кезеңіндегіден 5,9% көп болды. Мұндағы алынған тауар айналымының барлық көлемі іс жүзінде мемлекеттік емес сектордың үлесінде.

2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде қоғамдық тамақтандырудың қызмет көрсету көлемі 37,7 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 46,4% көп болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде мемлекеттік емес сектордың қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының айналымы 37,5 млрд. теңге сомасында болды, бұл кәсіпорындардың айналым көлемі қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы айналымының 99,6% құрады. Қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету саласында мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындардың үлесі мардымсыз (0,4%).

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 10 млрд. теңгені құрады, олардың басым бөлігін жекеше кәсіпорындар ұсынады.

3. ШАҒЫН БИЗНЕС МОНИТОРИНГІ

Бұл бөлімде республикадағы шағын кәсіпкерліктің дамуының маңызды аспектілерін сипаттайтын шағын бизнес кәсіпорындарының (заңды тұлғалар), шаруа (фермер) қожалықтарының және жеке кәсіпкерлердің жедел есепті деректері берілген.

2006 жылдың 1 қазанына Статистикалық тіркелім деректері бойынша республикада 168,1 мыңға жуық шағын бизнес кәсіпорындары тіркелді, бұл 2006 жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда 0,7%-ға жоғары. Тіркелген кәсіпорындардың 69,3%-ы жұмыс істеп тұрған болып табылды, яғни экономикалық қызметті жүзеге асырған немесе жүзеге асыруға мүмкіндігі барлар. 2006 жылдың қыркүйегінде 48,7 мың кәсіпорын (жұмыс істеп тұрғандар санының 41,8%-ы) белсенді жұмыс істеді. Шағын бизнестің белсенді кәсіпорындары арасынан 63,6%-ы қызметкерлерінің саны 6 адамнан (КМС 105) кем субъектілерге келеді.

Белсенді кәсіпорындардың көпшілігі (34,3%) саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге маманданады, өйткені қызметтің бұл түрі шағын бизнес кәсіпорындарында кеңінен таралған. Белсенді кәсіпорындардың 16,4%-ы - құрылыспен, 15,3%-ы - жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетумен, 13,6%-ы - өнеркәсіптік қызметпен, олардың басым көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне келеді (өнеркәсіп кәсіпорындары жалпы санының 93,1%).

Өңірлер бөлінісінде белсенді кәсіпорындардың басым көпшілігі Алматы қаласына (28,7%) және Астана қаласына (10,1%), сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан (9,3%) және Шығыс Қазақстан (7,6%) облыстарына келеді.

2006 жылдың 1 қазанына республиканың шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар саны есепті деректер бойынша 551,9 мың адамды құрады. Шағын бизнес кәсіпорындарында барлық жұмыспен қамтылғандардың 28,4%-дан астамы саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге, 19,1%-ы - құрылысқа және 14,2%-ы - өнеркәсіпке келеді.

Өңірлер бөлінісінде жұмыспен қамтылғандардың басым көпшілігі Алматы қаласының (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 24,1%-ы) Оңтүстік Қазақстан облысының (9,2%), Астана қаласының (9,2%), сондай-ақ Шығыс Қазақстан (7,9%) және Қарағанды (6,9%) облыстарының шағын бизнес кәсіпорындарына келеді.

2006 жылдың қыркүйегінде өнімдер шығару 99,8 млрд. теңгені құрады. Есептеу деректері бойынша жалпы шығарылымның 26,4%-ына жуығын өз қызметін құрылыс, 23%-ы - сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеу, 16,4%-ы - өнеркәсіп саласында жүзеге асыратын шағын бизнес кәсіпорындары алды.

Өңірлер бөлінісінде өнімдер шығарудың ең көбі Алматы (тауарлардың жалпы шығарылымының 29%) және Астана қалаларындағы (13,2%), сондай-ақ Атырау (7,7%), Алматы (5,5%) облыстарындағы шағын бизнес кәсіпорындарына келеді.

2006 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша республикада 190,8 мыңнан астам шаруа (фермер) қожалықтары тіркелген. Жұмыс істеп тұрған шаруа (фермер) қожалықтарының саны 161,4 мың бірлікті құрады. Шаруа (фермер) қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар саны 411,1 мың адам болып анықталды.

2006 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша республикада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері бойынша жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын қызметкерлер саны 611,1 мың бірлікті құрады. Олардың ең көп саны Алматы қаласына (13,2%) және Шығыс Қазақстан облысына (10,1%) тиесілі.

Шағын бизнестің белсенді кәсіпорындарының серпіні

кезең басына, бірлік



4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз, 2006 жылдың қаңтар-тамызында 38223,8 млн. АҚШ долларын құрады және 2005 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда 33,4%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 23899,7 млн. АҚШ доллары болып, 34,9%-ға өсті, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға байланысты шығыстарды есепке алғанда) - 14324,1 млн. АҚШ доллары болып, 30,9%-ға өсті.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары Швейцария (19%), Италия (16,1%), Ресей Федерациясы (10,2%), Франция (9,2%), Қытай (8,8%), Иран (5%), Нидерланды (4,5%), Испания (3,2%), Ұлыбритания (2,7%), Румыния (2,1%), Израиль (1,9%), Германия (1,8%), АҚШ (1,7%), Украина (1,5%) болып табылады.

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 14,6% құрады (2005 жылдың қаңтар-тамызында - 15,5%).

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



2006 жылдың қаңтар-тамызында инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 6847,4 млн. долларды немесе 47,8% құрады (2005 жылдың қаңтар-тамызында - 5276,2 млн. доллар немесе 48,2%).

2006 жылдың қаңтар-тамызында барлық импорттық жеткізілімдердің 46,4% ТМД елдерінің еншісінде болды (2005 жылдың қаңтар-тамызында - 46%). Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің - 37,8%), Қытай мен Германия (7,8 %-дан), Италия (6,2%), АҚШ (5%), Украина (4,2%), Жапония (3,6%), Түркия (2,4%), Ұлыбритания (2,3%), Франция (2%), Корея Республикасы (1,7%), Өзбекстан (1,5%), Беларусь (1,3%), Польша (1,2%) болып табылады.

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2006 жылдың қаңтар-тамызында ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 10142,7 млн. АҚШ долларын құрады және 2005 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда 30,6%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 3491,5 млн. доллар болып, 27,4%-ға өсті, импорт - 6651,1 млн. долларды құрап, 32,3%-ға өсті.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 26,5% (2005 жылдың қаңтар-тамызында 27,1%) құрады.

2006 жылдың қаңтар-тамызында ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 51% (2005 жылдың қаңтар-тамызында 57%), азық-түлік тауарлары - 12% (10%), химиялық өнімдер - 15% (14%) құрады.

2006 жылдың қаңтар-тамызында ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі 28% (2005 жылдың қаңтар-тамызында 27%), минералды өнімдер - 27% (27%), металлургиялық өнімдер - 17% (19%), химиялық тауарлар - 10% (10%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химиялық және металлургиялық өнімдердің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2006 жылдың қаңтар-тамызында осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 93% (2005 жылғы қаңтар-тамызында - 91%), металлургиялық өнімдер - 59% (56%), азық-түлік тауарлары - 55% (49%), химиялық тауарлар - 40% (40%) құрады.

4.3. ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2006 жылдың қаңтар-тамызында әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 28081,1 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 34,5%-ға өсті, соның ішінде экспорт – 20408,1 млн. АҚШ доллары болып, 36,3%-ға өсті, импорт – 7672,9 млн. АҚШ долларын құрап, 29,8%-ға өсті.

Әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы 2006 жылдың қаңтар-тамызында 78%, (2005 жылдың қаңтар-тамызында - 77%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 16% (17%) құрады.

2006 жылдың қаңтар-тамызында әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардын үлесі 61% (2005 жылдың қаңтар-тамызында - 57%), азық-тулік тауарлары - 6% (7%), химия өнімдері - 13% (13%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 10 % (13%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдерінің көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 2006 жылдың қаңтар-тамызында 71% (2005 жылдың қаңтар-тамызында - 71%), фармацевтикалық тауарлар - 85% (87%), киім - 84% (85%), азық -түлік тауарлары - 45% (51%) құрады.

4.4 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2006 жылғы II тоқсанда төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша 72,1 млн. АҚШ доллары мөлшерінде теріс сальдо қалыптасты. 2005 жылғы тиісті кезеңде ағымдағы операциялар шоты бойынша оң сальдо қалыптасып, 202,5 млн. АҚШ долларын құрады. Ағымдағы шоттың базалық параметрлері төлем балансының стандарттық көрінісінде келтіріледі.

Қосымшада келтірілген тоқсандық деректерден сауда балансының таза операцияларының нәтижесі оң (4103,3 млн. доллар, 2005 жылғы тиісті кезеңде – 2711,2 млн. доллар болған), ал қызметтер, табыстар және ағымдағы трансферттер сальдосы – теріс болғанын көруге болады.

Қазақстанның тауар айналымы (ФОБ бағасымен және ұйымдастырылмаған сауданы есепке алғанда) есепті кезең ішінде 16151,3 млн. доллар сомасында қалыптасып, өткен жылдың тиісті тоқсанына 131,3%, импорт көлемі 6024,0 млн. доллар болғанда немесе 2005 жылғы II тоқсандағы импорт көлеміне 125,5% құрады. Қазақстан есепті тоқсанда 10127,3 млн. доллар сомада тауар экспорттады, бұл салыстырмалы кезеңдегіден 34,8% жоғары.

Қазақстан теңгесінің АҚШ-тың 1 долларына қатысты ресми айырбастаудың орташа бағамын талдау кезінде 2005 жылғы II тоқсандағы 132,17 теңгеден 2006 жылдың I тоқсанында 123,11 теңгеге төмендегені байқалды.

Тауарлар экспортының көлемі (кеден статистикасының деректері бойынша) 2006 жылдың II тоқсанында 2005 жылғы тиісті кезеңге қатысты 34,5%-ға, соның ішінде алыс шетелдерге – 34,02%-ға өсті, ТМД елдеріне – 36,8%-ға өскені байқалды.

Есепті кезең ішінде алыс шетелдерден 3215,22 млн. доллар сомада тауар импортталды (кеден статистикасының деректері бойынша ҚСТ бағасымен), бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 19,7% артық. ТМД елдерінен импортталған тауарлардың көлемі қарастырылып отырған кезеңде 28,6%-ға өсті.

Халықаралық қызмет көрсету балансының дефициті 2006 жылдың II тоқсанында және 2005 жылы Қазақстанның пайдасына қалыптаспады, тиісінше 1622,48 және 1223,93 млн. доллар құрады.

Қазақстанның басқа елдерге көрсеткен және олардан алған халықаралық қызметтерінің көлемі туралы деректер төлем балансының стандарттық көрінісінде келтірілген. 2006 жылдың II тоқсанында Қазақстанның басқа елдерге көрсеткен қызметтерінің көлемі 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 28,5%-ға, соның ішінде көлік қызметтері – 36,2%-ға, сапарлар бойынша қызметтері – 34,1%-ға өсті, ал өзге қызметтері – 5,3%-ға өсті.

Басқа елдерден алынатын қызметтердің көлемі 31,3%-ға, соның ішінде көлік қызметтері – 23,4%-ға, сапарлар бойынша қызметтер – 41,2%-ға, өзге қызметтер – 32,1%-ға өсті. Есепті кезеңдегі басқа елдерден алынған қызметтердегі ең үлкен үлес салмақты “құрылыс қызметтері” (38,3%) алатынын атап кеткен жөн.

Қазақстанның инвестициялардан және жұмыс істейтіндерге өтемақыдан алған табысы талдау жүргізіліп отырған кезеңде 344 млн. доллар соманы құрады, бұл 2005 жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 2 еседен асып түсті. Қазақстанның аталған жолдар бойынша төлемдері 2674 млн. долларды құрады, бұл салыстырылып отырған кезеңдегіден 94,2% жоғары.

Қаржы операцияларының шоты есепті кезеңде 827 млн. доллар көлемінде оң қалыптасты, бұл шот 2005 жылдың II тоқсанында да теріс қалыптасып, 566 млн. долларды құрады.

2006 жылдың II тоқсанында тікелей шетелдік инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо 1412,5 млн. долларды құрады. Қазақстанның шетелдегі тікелей инвестициялары 2006 жылдың талдау жүргізіліп отырған тоқсанында 282,2 млн. долларды құрады, 2005 жылдың тиісті тоқсанында шетелдегі тікелей инвестициялар теріс қалыптасып, 63,1 млн. долларды құрады, соның ішінде басқа капитал түрінде – тиісінше, 359,5 және -52,1 млн. доллар болды.

2006 жылдың II тоқсанында тұтастай алғанда портфельдік инвестициялармен жасалатын таза операциялар бойынша 1412,5 млн. доллар мөлшерінде оң шама қалыптасты, ал 2005 жылдың тиісті кезеңінде ол—-621,8 млн. доллар болған.

Төлем балансының “Басқа инвестициялар” деген жолы бойынша жүргізілетін операциялар бойынша таза нәтиже 2006 жылдың II тоқсанында 2141,5 млн. доллар сомасында оң қалыптасты. 2005 жылдың II тоқсанында баланстың аталған жолы бойынша сальдо 189,0 млн. доллар сомасында теріс қалыптасты. Активтер мен пассивтер құрылымындағы ең үлкен үлес салмақты 2006 жылдың II тоқсанында қарыздар (тиісінше, 49,5% және 83,0%) алып отыр.

Қазақстанның резервтегі активтері, негізінен шетел валютасымен жасалатын операциялар есебінен, талдау жүргізіліп отырған кезең ішінде теріс қалыптасып, 1879,0 млн. долларды құрады.

2006 жылдың II тоқсанында баланстың “Таза қателіктер мен ағаттықтар” жолының елдің тауар айналымына пайыздық қатынасы өткен жылғы тиісті кезеңдегі 6,3%-ға қарағанда 4,7% құрады.

5. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қаржы емес активтерге инвестициялар

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың бағалау көлемі (материалдық айналым қаражатының қорларын толтыратын инвестицияларсыз) 1847,2 млрд. теңгені құрады, оның 97,6%-ы негізгі капиталға жұмсалған инвестицияларға келеді.

Негізгі капиталға инвестициялар

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 1802,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 20%-ға көп.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте инвестицияның өсуі 2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда республиканың 15 өңірінде белгіленді. Мұнда ең көп өсу Павлодар, Маңғыстау (1,8 есе), Шығыс Қазақстан (1,5 есе), Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Алматы (1,3 есе) облыстарында, Астана және Алматы (1,3 есе) қалаларында тіркелді.

2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Солтүстік Қазақстан (27,6%-ға) облысында байқалды.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты (56,6%) мен шетел инвестициялары (23,2%) болып табылды. Бюджет қаражаты 12,1%, қарыз қаражаты 8,1% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың негізгі көлемін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар (62,5%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (25,3%) игерді. Мемлекеттік сектордың үлесі – 12,2% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінен басым салалар болып табылатындар: мұнай және табиғи газ өндіру – 35%, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 21%, көлік және байланыс – 14,5%, өңдеу өнеркәсібі – 9,6%.

Шетел инвестицияларының жалпыреспубликалық көлемінің ең көп үлесі Атырау облысында игерілді (72,5%).

Негізгі құрал-жабдықтарды жасауға және жетілдіруге арналған жұмыстар мен шығындардың түрлеріне байланысты негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрамы төменде келтірілген.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымы

пайызбен



6. БАҒА

6.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

2006 жылдың қыркүйегінде республиканың **тұтыну рыногында** тауарлар мен қызмет көрсету бағасы өткен айменмен салыстырғанда – 0,5%-ға, 2005 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда – 5,9%-ға, 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2005 жылдың қаңтар-қыркүйегіне қарағанда – 8,7%-ға өсті. Жыл басынан бергі кезеңде (2006 жылдың қыркүйегі 2005 жылдың желтоқсанына) азық-түлік тауарларының бағасы 4,4%-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы – 5,4%, ақылы қызмет көрсету – 8,9%-ға өсті. 2006 жылдың қыркүйегінде базалық инфляция (көкөніс пен жеміс, көмір мен бензин бағаларының көтерілуін есепке алмағанда) өткен аймен салыстырғанда 0,7%-ға, 2005 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда – 5,2%-ға, ағымдағы жылдың тоғыз айында 2005 жылдың осы кезеңіне қарағанда - 7,9% құрады.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **азық-түлік тауарларының** бағасы 0,1%-ға төмендеді, бұл жеміс-көкөніс өнімдерінің 4,9%-ға маусымдық арзандауымен байланысты болды. Қант бағасының деңгейі 1,1%-ға төмен болды. Жұмыртқа бағасының 3,8%-ға, сүт өнімдерінің – 1,8%-ға, ет пен ет өнімдерінің – 0,6%-ға, нан өнімдері мен жарманың – 0,3%-ға өскені байқалды. Балық бағасының индексі 100,2% құрады.

2006 жылғы азық-түлік тауарлары бағаларының өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Күнкөрістің ең төменгі шамасы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы негізгі тамақ өнімдерінің ең төменгі тұтыну мөлшерінен есептеп шығарғанда ағымдағы жылдың қыркүйегінде 2005 жылдың желтоқсанына қарағанда 14,9%-ға өсті, ал өткен айға қарағанда – 2%-ға төмендеп, 8736 теңгені құрады (тамақ өнімдері - 5242 теңге, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызмет көрсету - 3494 теңге). Ағымдағы жылдың қыркүйегінде оның құрылымындағы ет пен балық сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,6% (2005 жылдың тиісті айында – 24,2%), сүт, тоңмай өнімдері мен жұмыртқа – 13,8% (17,8%), жемістер мен көкөністер– 16,9% (12%), нан өнімдері - 8,1% (11,6%), қант, шай және дәмдеуіштер – 2,6% (4,4%) болды.

Ағымдағы жылдың өткен айында **азық-түлік емес тауарлар** рыногында баға 0,9%-ға өсті. Ең көп өсім бензинге - 6% тіркелді. Үй тұрмысында пайдаланылатын заттар, жеке гигиена тауарлары және аудиовизуалдық жабдық 0,2%-дан, киім мен аяқкиім - 0,5%-ға өсті. Киім мен аяқкиімнің күзгі маусымдық түрінің жекелеген түрлері 0,8-1,4%-ға қымбаттады.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **ақылы қызмет көрсету** бағалары 1,3%-ға өсті. Жоғары оқу орындарында оқу үшін ақы төлеу едәуір көп 13,1%-ға, ал орта оқу орындарында – 6,1%-ға, мектепке дейінгі мекемелерде балаларды ұстау үшін ақы төлеу – 1,8%-ға өсті. Тұтастай алғанда білім беру қызметі 8,6%-ға қымбаттады. Жолаушылар көлігі қызметінің бағалары мен тарифтері 2,7%-ға, денсаулық сақтау мекемелерінде – 0,8%-ға, мәдениет мекемелерінде – 0,7%-ға, мейрамханалар мен қонақ үйлерде 0,3%-ға өсті.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде халықтың табысы ең төмен топтарына арналған тұтыну бағаларының индексі 2005 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 106%, табысы ең көп топтарына – 105,4%, өткен аймен салыстырғанда – тиісінше 100,2% және 100,6% құрады.

Ағымдағы жылдың тоғыз айында (қыркүйек 2005 жылдың желтоқсанына) тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары әрбір үшінші өңірде 4-5%-ға, әрбір екінші өңірде – 5,3-6,5%-ға, екеуінде – 7,6% және 8,4%-ға өсті.

6.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒАЛАР

Өндірістік сипаттағы қызметтерді қоса есептегенде өнеркәсіп өнімдерін өндіруші-кәсіпорындардың бағалары ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамызбен салыстырғанда 1%-ға, 2005ж. желтоқсанмен салыстырғанда – 18,9%-ға өсті. Бір ай ішінде өндірілген өнім 1,1%-ға, өндірістік сипаттағы қызметтер – 0,1%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобындағы аралық тұтынатын өнімдердің бағасы 1,2%-ға, тұтыну тауарларының бағасы – 0,5%-ға өсті, ал өндіріс құралдарының бағасы бұрынғы деңгейде қалды. Ағымдағы жылғы қыркүйекте өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер бағасының базалық индексі (мұнай мен металға бағалардың өзгеруін есептемегенде) тамызбен салыстырғанда 101,7% құрады, 2005ж. желтоқсанда – 109,4% құрады.

Өткен айда өнеркәсіптегі бағалардың өсуі металл илегі бағасының 4,5%-ға өсуінен болды, бұл дайын өнеркәсіп өнімі бағасының деңгейін 0,7%-ға өсірді. Ферроқорытпалар 12,8%-ға қымбаттады немесе ағымдағы жылдың тамызындағыдан 7,2 пайыздық пунктке артық, қара металдар илегі – тиісінше, 3,5% және 1,9 пайыздық пунктке кем, түсті металдар илегі – 2,6% және 6,3 пунктке кем. Қымбат металдардың бағасы 6,6%-ға, қорғасынның бағасы – 3,3%-ға, мырыштың бағасы – 2,2%-ға, мыстың бағасы – 1,8%-ға өсті. Химия өнеркәсібінде баға ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында 0,8%-ға төмендесе, өткен айда негізгі химия өнімдерінің 2,1%-ға қымбаттауы есебінен 1,4%-ға өсті. Жуу және тазарту құралдарының бағасы – 0,2%-ға ғана өсті, бояулар мен лактардың бағасы бұрынғысынша қалды, фармацевтикалық препараттардың бағасы – 1,4%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде энергия ресурстарының бағасы тұтастай алғанда өзгеріссіз қалды, ал өткен айда оның бағасы 5,3%-ға өскен болатын. Бұл республикада көмір өндіру бағасының 2,2%-ға, мұнай өндіру бағасының 1,1%-ға төмендеуіне байланысты болды, ал бұл жағдай осы тауарлардың сыртқы рыноктарда арзандауынан орын алды, ол өнеркәсіптегі баға серпініне 0,4% “теріс” үлес әкелді. Газ конденсатының бағасы 7,6%-ға (ағымдағы жылдың тамызында – 3,5%), табиғи газ бағасы – 1,6%-ға (3,8%), мұнай өнімдерінің бағасы – 1,1%-ға (0,9%) өсті.

2005 және 2006 жылдардағы мұнай өндіруші-кәсіпорындар бағасының индексі

өткен жылғы желтоқсанға пайызбен



Ағымдағы жылы қыркүйекте отандық өндірушілердің азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%-ға (тамызда – 0,3%-ға өскен) төмендеді, бұған өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдар бағасының 0,5%-ға арзандауы ықпал етті. Қант – 1,7%-ға, бидай ұны – 0,6%-ға, жарма және арақ – 0,3%-дан, этил спирті – 0,1%-ға арзандады. Құс еті бағасының өсуі алдыңғы аймен салыстырғанда өткен айда 7,2 пайыздық пунктке баяулап, 0,7% құрады. Мал еті – 0,1%-ға, өсімдік майы – 0,2%-ға, балық – 1%-ға, сүт өнімдері – 1,2%-ға қымбаттады.

Өткен айда өндірістік сипаттағы бақыланған қызметтердің ішінен тарифтердің көтерілуі машиналар мен механизмдерді жөндеуде 0,4%, мұнай және газ өндіруде – 0,2%, ал төмендеуі – газеттер басып шығаруда – 1,6% тіркелді.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **технологиялық процесс үшін өнеркәсіптік кәсіпорындар сатып алған өндірістік ресурстар бағасының индексі** тамызбен салыстырғанда 101,9% құрады, 2005ж. желтоқсанда – 108,5%. Республикада сатып алынған шикізаттар мен материалдардың бағасы бір ай ішінде 2,1%-ға, алыс шетелде – 1,4%-ға өсті, жақын шетелде – 0,6%-ға өсті.

Республикадан әкетілген тауарлардың бағасы ағымдағы жылдың тамызында шілдемен салыстырғанда - 3,4%-ға, 2005ж. желтоқсанмен салыстырғанда – 29,9%-ға өсті. Достастық мемлекеттерге

жеткізілген өнімдер 0,1%-ға арзандаса, әлемнің басқа елдеріне жеткізілген өнімдер 4%-ға қымбаттады. Қайта өңдеу сатылары бойынша сыныпталған экспортталатын өнімдер топтарының ішінен шикізаттың бағасы 4,9%-ға, дайын өнімдердің бағасы – 3,3%-ға өсті, жартылай дайын өнімдер бағасы – 0,7%-ға төмендеді. Экспорттық жеткізілімдер бағасының едәуір өсуі ферроқорытпаларға – 8,9%-ға, қымбат металдарға тіркелді – 7,3%, түсті металдар бағасы сол кезде 4,2%-ға төмендеді. Минералды өнімдердің бағасы осы уақыт ішінде 5%-ға, газ конденсатының бағасы - 4%-ға, мұнай бағасы – 5,4%-ға, оны өңдеу өнімдерінің бағасы – 5,8%-ға өсті, ал металл кенінің бағасы – 1,1%-ға төмендеді.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі ағымдағы жылдың тамызында шілдеге қатысты 101,7%, 2005ж. желтоқсанда – 108%, жақын шетелден әкелінгені – тиісінше, – 102,6% және 112,4%, алыс шетелден әкелінгені – 100,1% және 101,8% құрады. Импортталатын азық-түлік тауарлары ішінен бағаның бір айда едәуір өсуі шоколадқа - 8,4%, сүт өнімдеріне – 4,8%, қант, алкогольді және алкогольсіз сусындарға – 3,8%-дан байқалды. Республикаға жеткізілген өсімдік майы, керісінше, 3,8%-ға, кофе – 2,9%-ға, құс еті – 2,5%-ға арзандады.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасының индексі** 100,8%, 2005 жылғы желтоқсанда– 100,3% құрады.

Өткен айда мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы 1,8%-ға өсті, бұл тамызға қарағанда 1,3 пацыздық пунктке артық. Бұл жұмыртқаның 6,6%-ға, сүттің - 2%-ға қымбаттауына байланысты болды. Мал етінің бағасы бір ай ішінде 0,9%-ға, құс етінің бағасы – 1,4%-ға өсті. Түйе етінің бағасы 2,5%-ға, қой етінің бағасы – 1,4%-ға, ірі қара мал етінің бағасы - 1%-ға қымбаттады, шошқа етінің бағасы – 0,2%-ға арзандады. Жыл басынан бергі кезең ішінде мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы 0,1%-ға өсті.

Өткен айда өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бағасы 0,1%-ға өсті (ағымдағы жылдың тоғыз айы ішінде – 0,4%-ға). Астықтың бағасы 0,2%-ға, майлы дақылдардың тұқымы – 0,3%-ға өсті, көкөністердің бағасы – 0,1%-ға төмендеді. Қияр - 7%-ға, картоп – 2,6%-ға арзандаса, қызанақ – 2,2%-ға қымбаттады.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамызымен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 100,3%, 2005 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда – 103,8% құрады. Құрылыс-монтаж жұмыстарының бағасы 0,3%-ға (жыл басынан бері – 3,6%), технологиялық жабдықтардың бағасы – 0,6%-ға (3,3%), өзге де жұмыстар мен шығындар бағасы – 0,1%-ға (5,1%) өсті.

2006 жылғы құрылыстағы бағаның өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсімі +, төмендеуі –



Өткен айда құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер мен конструкциялар 0,4%-ға, ағаш материалдар – 2,6%-ға, портландцемент – 0,8%-ға, терезе әйнегі – 0,5%-ға, линолеум – 0,4%-ға қымбаттады. Қыш кірпіштің бағасы 0,2%-ға, тауарлы бетон бағасы – 0,1%-ға өсті, ал асбестцемент құбырлар мен шифердің бағасы өзгеріссіз қалды.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтері** өткен аймен салыстырғанда 100,2%, 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 111,2% құрады.

Автожол көлігінің қызметі ағымдағы жылдың қыркүйегінде тамызбен салыстырғанда 0,2%-ға, 2005 жылғы желтоқсанда – 4,3%-ға, республикадан тыс жерлерге жүк жеткізу қызметтері – 0,6%-ға (4,8%), қаламаңындық қатынастарда – 0,2%-ға (2,4%), қалаішілі қатынастарда – 0,1%-ға (4,9%) қымбаттады. Құбыр көлігінің тарифтері 0,5%-ға өсті (ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде – 0,1%-ға төмендеген болатын), ал әуе, темір жол және өзен көлігі түрлерімен жүк тасымалдау тарифтері өзгеріссіз қалды.

7. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

7.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің орындалуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректеріне сәйкес **2006 жылдың 1 қыркүйегіне** табыс көлемі 1566,2 млрд. теңгені құрады (2005 жылдың 1 қыркүйегіне – 1210,5 млрд. теңге), шығындар – 1424,2 млрд. теңгені (2005 жылдың 1 қыркүйегіне 980,9 млрд. теңге), операциялық сальдо – 142 млрд. теңгені құрады. Бюджеттік таза кредит беруге – 5,5 млрд. теңгеден, ал қаржы активтерінің операция бойынша сальдосына – 91,9 млрд. теңгеден келді. Бюджет профициті 44,6 млрд. теңге деңгейінде анықталды. 2005 жылдың тиісті кезең көрсеткіштерімен салыстырғанда табыс көлемі бойынша деректер – 29,4%-ға, ал шығындар – 45,2% өсті.

2006 жылдың 1 қыркүйегіне табыс жылдың нақтыланған бюджетіне қатынасы бойынша 73,5%, мемлекеттік бюджет шығындары – 65,8% орындалды.

Салық түсімдері құрылымында негізгі үлес корпоративтік табыс салығына – 34% (506,4 млрд. теңге) және ҚҚС (қосымша құн салығына) – 20,6% (305,9 млрд. теңге) келеді. Көрсетілген салықтар бойынша 2005 жылдың тиісті кезеңіндегіден тиісінше 20,8% және 44,8% асатын түсімдердің ең көп өсімі байқалады.

Бюджеттің барлық шығындар көлемінен әлеуметтік қызмет көрсетуге 47,4%, жалпы мемлекеттік қызмет көрсетуге және қорғанысқа – 17,1% келеді. Төменде 2006 жылдың 1 қыркүйегіне мемлекеттік бюджет шығындарының құрылымы келтірілген:



2006 жылдың 1 қыркүйегіне мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландырудың (профицитті пайдалану) жалпы көлемі 44,6 млрд. теңгені, одан ішкі түсім 110,2 млрд. теңгені құрады. Бюджетті қаржыландыруға 95,9 млрд. теңге бюджет қаражаттарының бос қалдықтары пайдаланылды.

2006 жылдың 1 қыркүйегіне республикалық бюджетке түскен табыс көлемі – 1262,5 млрд. теңге болды, бұл 2005 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 28,6% артық (981,9 млрд. теңге).

2005 жылдың тиісті кезеңімен (755,2 млрд. теңге) салыстырғанда шығындар 56,4% -ға өсіп, 1180,9 млрд. теңгені құрады. Операциялық сальдо 81,6 млрд. теңгені, бюджеттік таза кредит беру – 11,5 млрд. теңгені, қаржы активтерінің операция бойынша сальдосы – 86 млрд. теңгені құрады. Бюджет тапшылығы 15,9 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Есепті кезеңде республикалық бюджет табысының 90,7%-ын салықтар, 2,1%-ын - салықтан тыс түсімдер, 7%-ын ресми трансферттер, 0,2%-ын негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер құрады.

Шығындардың негізгі бөлігі әлеуметтік салаға – 34,2% (403,5 млрд. теңге) және жалпы мемлекеттік қызмет көрсетуге, қорғанысқа – 16,9% (199,7 млрд. теңге) келеді.

Жергілікті бюджетке осы кезең ішінде түскен табыс 689,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылдың тиісті кезеңі деңгейінен 42,9%-ға артық (482,7 млрд. теңге), шығындар – 629,1 млрд. теңге, 31,1 % (2005 жылдың 1 қыркүйегіне 479,9 млрд. теңге) жоғары. Операциялық сальдо – 60,5 млрд. теңгені, бюджеттік таза кредит беру – 0,4 млрд. теңгені, қаржы активтерінің операция бойынша сальдосы – 5,9 млрд. теңгені құрады. Бюджет профициті 55 млрд. теңге деңгейінде анықталды.

7.2 КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қызметі

2006 жылдың 2 тоқсанындағы жедел деректерге 1152 ірі және 3619 орта кәсіпорындардың (ұйымдардың) көрсеткіштері енгізілді. Есеп берген субъектілердің сальдоланған қаржы нәтижесі 785,5 млрд. теңге табыс ретінде анықталды (497,3 млрд. теңге), бұл көрсеткіш 2005 жылдың тиісті тоқсанының деңгейінен 57,9% жоғары. 2006 жылдың 2 тоқсанында кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы тұтастай алғанда 41,6% болды. Жиынтықты кірістің негізгі бөлігі кен өндіру өнеркәсібі есебінен 57,6% немесе 452,1 млрд. теңге қалыптасты, мұндағы шикі мұнай мен табиғи газ өндіретін кәсіпорындарда қызмет көрсету 95,6% немесе 432,3 млрд. теңгеден келеді. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 20,4% (160 млрд теңге), көлік және байланыс үлесі – 9,2% (72,5 млрд.теңге) болды. 2005 жылдың 2 тоқсанындағы деректермен салыстырғанда оң қаржы нәтижелері кен өндіру өнеркәсібінде 34,3% (336,6 млрд. теңге) және өңдеу өнеркәсібінде 81% (88,4 млрд. теңге), көлік және байланыста 94,9% (37,2 млрд. теңге) өскені байқалады.

Өңірлер бойынша табыстың жалпы нәтижесінен ең көп сомасы Атырау облысына – 166,9 млрд. теңгеден (21,2%), Астана қаласына – 126,4 млрд. теңгеден (16,1%), Қызылорда облысына – 98,4 млрд. теңгеден (12,5%), Маңғыстау облысына – 94,1 млрд. теңгеден (12%) келеді.

2006 жылдың 2 тоқсанында есеп берген субъектілердің жалпы санының 36,4% (1739 бірлігі) 59,5 млрд теңге сомада залал келді. Залалдың жоғары деңгейі жеке меншіктің нысанында байқалады оларға барлық залал көлемінен 79,2% (47,1 млрд. теңге) келеді.

Экономиканың өнеркәсіп секторы үлесіне залалдың жалпы көлемінен 37,5% немесе 22,3 млрд. теңге келеді. Бұл саладағы 540 залалды кәсіпорынның электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу бойынша 164 кәсіпорын үлесіне экономиканың осы секторы көлемінен 31,8% немесе 7,1 млрд. теңге залал және өңдеу өнеркәсібінің 323 субъектісіне 35% немесе 9,8 млрд. теңге залал келді.

Залалды кәсіпорындардың (ұйымдардың) ең көп үлес салмағы Ақмола облысында – 57,5% (351 есеп берген кәсіпорынның – 202-і), Солтүстік Қазақстан облысында – 48,8% (256 есеп берген кәсіпорынның – 125-і), Жамбыл облысында – 48,7% (152 есеп берген кәсіпорыннның –74-і), Қостанай облысында – 45,4% (339 есеп берген кәсіпорынның – 154-і).

Орта және ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара есеп айырысу жайы

2006 жылдың 1 шілдесіне міндеттемелер бойынша берешектің жиынтық көлемі – 7225 млрд. теңге, одан міндеттеме бойынша мерзімі өткен берешектің үлесі – 1,8% (127,7 млрд. теңге) құрады. 2005 жылдың тиісті тоқсанындағы деректермен салыстырғанда (5402,4 млрд теңге) міндеттемелер көлемі 33,7% немесе 1822,6 млрд. теңгеге ұлғайды, оның мерзімі өткен бөлігі 7,7% немесе 10,7 млрд. теңгеге ұлғайды (138,4 млрд. теңге). Міндеттемелер құрамында негізгі үлеске ие банктердің қарыздары – 18,5%, жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу – 17,9%. Өнеркәсіп салаларында жалпы міндеттемелер көлемінің 38,4% (2771,3 млрд. теңге) және барлық мерзімі өткен міндеттемелер сомасынан 50,7% (64,8 млрд. теңге) шоғырланған.

2006 жылдың 1 шілдесіне өңірлер бойынша міндеттемелер бойынша берешектің ең көп үлесі - Атырау облысына – 31,3% (2259,1 млрд. теңге), Астана қаласына – 18,8% (1357,1 млрд. теңге), Алматы қаласына – 20,2% (1459,7 млрд теңге) келеді.

2006 жылдың 1 шілдесіне жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы бойынша мерзімі өткен берешегі жалпы жалақы бойынша берешектің (46,3 млрд. теңге) 3,7%-ын (1,7 млрд. теңге) құрады, оның 35,3% (0,6 млрд. теңгесі) ұзақтығы 3 айдан көп берешек.

Өңірлер бойынша жалақы бойынша берешектің аса көп үлесі - Қарағанды облысына 33,3% (7 бірлікте 0,2 млрд. теңге), Шығыс Қазақстан облысына – 16,7% (11 бірлікте 0,1 млрд. теңге), Қызылорда облысында – 16,7% (17 бірлікте 0,1 млрд. теңге) келеді.

Тұтастай алғанда кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша дебиторлық берешек – 2005 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен (2321,8 млрд. теңге) салыстырғанда 38,3%-ға өсіп, 3211,1 млрд. теңгені құрады, одан мерзімі өткендері – 142,1 млрд. теңге немесе жалпы сомадан 4,4%. 2005 жылдың 1 шілдесіндегі деректермен салыстырғанда мерзімі өткен берешектің бөлігі 18%-ға (120,4 млрд. теңгеге) өсті.

2006 жылдың 1 шілдесіне дебиторлық берешектің құрылымындағы негізгі көлемін- 41,5% (1332,4 млрд теңге) - сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі алады. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің жалпы көлемінің 45,5%-ы (64,6 млрд. теңге) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің үлесіне тиеді.

2005 жылдың тиісті тоқсанындағы деректермен салыстырғанда 931,7 млрд. теңге) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі 43%-ға, ал мерзімі өткен берешек – 1,1%-ға (63,9 млрд. теңге) өсті.

Шағын кәсіпорындардың шаруашылық-қаржы қызметі

Қазақстан Республикасы статистика агенттігі 2006 жылдың 1 тоқсанынан шағын кәсіпорындарды іріктеу әдісі бойынша зерттей бастады.

2006 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша республикада 202,2 мың шағын кәсіпорын тіркелді, одан 96 мың кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырды.

Шағын кәсіпорындардың көбісі саудада; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеуде (зерттелгендердің жалпы санынан 39,1%) мамандандырылады, ал жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындардың үлесі 20,4%, құрылыс кәсіпорындарының үлесі – 13,2%, өнеркәсіп кәсіпорындарының үлесі –11 % құрады.

Шағын кәсіпорындар қызметкерлерінің жалпы саны орта есеппен 2006 жылдың 2 тоқсанында республика бойынша – 703,4 мың адамды (зерттеумен қамтылмаған, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қызметкерлері де ескерілген) құрады, бір кәсіпорында орта есеппен 7 адам жұмыспен қамтылған.

Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 2005 жылдың 2 тоқсанында 34200 теңгені құрады, бұл 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,6%-ға артық. Ең жоғары орташа айлық жалақы 2006 жылдың 2 тоқсанында мұнай өнімдерін өндіру кәсіпорындарында – 102116 теңге, темір кендерін өндіру кәсіпорындарында – 100481 теңге; ең төмен орташа айлық жалақы ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету кәсіпорындарында – 18126 теңге болып байқалды. 2006 жылдың 2 тоқсанында ең жоғары орташа айлық жалақыны Маңғыстау (48004 теңге) облыстындағы, сондай-ақ Астана (46166 теңге) және Алматы (49461 теңге) қалаларындағы кәсіпорындардың қызметкерлері алды.

Өнімдерді (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) өткізуден түскен табыс 2006 жылдың 2 тоқсанында 1406,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда 26,9% өсті (1108,3 млрд. теңге). Өнімдерді (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) ҚҚС және акциздерсіз нақты бағада шығару 2006 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда 53%-ға (360,5 млрд. теңге) өсіп, 551,6 млрд. теңгені құрады. Өндірілген өнімдердің ең көп көлемі сауда кәсіпорындарында (28,8% немесе 158,7 млрд. теңге), құрылыстағы шағын кәсіпорындарда (өнімдерді шығарудың жалпы сомасынан 27,4% немесе 151,2 млрд. теңгені), және жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және қызмет көрсетумен айналысатын (14,5% немесе 80,1 млрд. теңге) кәсіпорындарда байқалды.

Өңірлер бойынша өнім шығарудың ең көп көлемі Алматы қалаларында – 214 млрд. теңге, Астана – 108,8 млрд. теңге болды.

2006 жылдың 2 тоқсанында есепті деректер бойынша зерттелген кәсіпорындардың 57,5% қызметтің қаржылық нәтижесі (салық салғанға дейінгі табыс немесе залал) болды, табыс сомасы – 122,9 млрд. теңгені құрады, осы кезең ішінде сальдоланған қаржылық нәтиже тұтастай алғанда оң болды (49,6 млрд. теңге). Қаржы емес активтерге салынған инвестициялардың жалпы сомасы 2006 жылдың 2 тоқсанында нақты бағаларда 210,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылдың тиісті тоқсанына қарағанда 22,7% (171,2 млрд.теңге) артық. Қаржы емес активтерге салынған инвестициялардың ең көп сомасы сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу кәсіпорындарына келеді (олардың жалпы үлесі 37,5 % немесе 78,7 млрд.теңге), өңірлер арасында – Алматы қаласына келеді (34,4% немесе 72,2 млрд.тенге).

2006 жылдың 1 шілдесіне дебиторлық берешек 2284,2 млрд. теңгені құрады. Дебиторлық берешектің ең көп сомасы сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу кәсіпорындарында – 1152,5 млрд. теңге (50,5 %), құрылыс кәсіпорындарында – 480,9 млрд. теңге (21,1%), жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындарда – 261,4 млрд. теңге (11,4%) байқалады.

Өңірлік деңгейде дебиторлық берешектің ең көп сомасы Алматы (1141,4 млрд. теңге немесе 50%) және Астана (346,1 млрд. теңге немесе 15,2%) қалаларының және Қарағанды (185,2 млрд. теңге немесе 8,1%) облысының кәсіпорындарына келеді.

2006 жылдың 2 тоқсанында міндеттемелер бойынша берешек 2005 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда 1552,6 млрд. теңгеге өсіп, 2006 жылдың 1 шілдесіне 4254,4 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесті жеткізушілер мен мердігерлер міндеттемелері (37,3%) және қарыздар бойынша міндеттемелер (29%) алады.

2006 жылдың 1 шілдесіне кредиторлық берешектің ең көп сомасы сауда кәсіпорындарында – 1779,9 млрд. теңге (41,8%), құрылыс кәсіпорындарында – 1173,1 млрд. теңге (27,6 %) және жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындарда – 549,1 млрд. теңге (12,9 %) байқалды.

Өңірлік бөліністегі кредиторлық берешектің ең көп сомасы Алматы (2175,2 млрд. теңге немесе 51,1%) және Астана (567,5 млрд. теңге немесе 13,3%) қалаларының және Қарағанды облысының (292 млрд. теңге немесе 6,9 %) кәсіпорындарына келеді.

7.3 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ*

Банк статистикасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2006 жылдың 1 қыркүйегіне ақша жиынының көлемі (М3) 2965,1 млрд. теңгені құрады (2005 жылдың 1 қыркүйегіне – 1881,3 млрд. теңге), соның ішінде айналыстағы қолма-қол ақша (М0) – 555 млрд. теңге (2005 жылдың 1 қыркүйегіне – 401,9 млрд. теңге) болды. М3 көрсеткіші 2006 жылғы шілденің соңындағы деректермен салыстырғанда 5,4%-ға, ал 2005 жылдың 1 қыркүйегіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда 57,6%-ға өсті.

Ақша жиынының жалпы көлеміндегі қолма-қол ақша үлесі 2006 жылғы тамыздың соңында 18,7% құрап, алдыңғы аймен салыстырғанда 1,6%-ға төмендеді.

2006 жылдың 1 қыркүйегіне ақша қорының (резервтегі ақшаның) жалпы көлемі 1098,9 млрд. теңгені құрады және өткен кезеңмен салыстырғанда 5,5%-ға төмендеді.

Депозиттік ұйымдардағы депозиттер (резидент еместердің шоттарын есепке алмағанда) 2006 жылдың 1 қыркүйегіне 2410,2 млрд. теңгені (2005 жылдың 1 қыркүйегіне – 1479,3 млрд. теңге) құрады, 2005 жылғы тамыздың соңындағы деректер деңгейінен – 62,9%-ға асып, өткен аймен салыстырғанда 7,5%-ға өсті.

Депозиттердің жалпы көлеміндегі 33,4%-ды немесе 805,4 млрд. теңгені халық салымдары алып отыр, бұл 2005 жылдың 1 қыркүйегіндегі деректермен салыстырғанда (515,5 млрд. теңге) 56,2% құрады. 2006 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша халық депозиттері (салымдары) 2006 жылдың 1 тамызындағы деректермен салыстырғанда (760,9 млрд. теңге) 5,8%-ға, одан шетел валютасында 14,5%-ға өсті. Халық депозиттерінің жалпы көлеміндегі ең көп үлес ұлттық валютадағы салымдарға – 65,9% (530,5 млрд. теңге) келеді.

Экономика саласындағы **екінші деңгейдегі банктердің кредит салымдары** 2006 жылдың 1 қыркүйегіне 3583,8 млрд. теңгені құрады (2005 жылдың 1 қыркүйегіне – 2037 млрд. теңге), мұның 49,7%-ы (1782,1 млрд. теңге) шетел валютасындағы кредиттер болып отыр. Кредиттер 2005 жылғы тамыздың соңындағы деректермен салыстырғанда 75,9%-ға, өткен аймен салыстырғанда 8,3%-ға өсті.

Кредит салымдарының жалпы көлемінде ұзақ мерзімді несиенің үлесі – 73,6%-ды немесе 2638,2 млрд. теңгені құрады және өткен аймен салыстырғанда 9,8%-ға (2402,7 млрд. теңге), 2005 жылдың 1 қыркүйегіндегі деректермен (1382,5 млрд. теңге) салыстырғанда 90,8%-ға өсті. Кредиттердің жалпы көлемінің ең көп үлесі саудада – 23,6%, өнеркәсіпте – 13,1%, құрылыста – 13,4%, ауыл шаруашылығында – 4,8% шоғырланған.

2006 жылдың 1 қыркүйегіндегі ЕДБ-ның шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері кредит салымдарының жалпы сомасының 18%-ын (643,4 млрд. теңге) құрайды. Оның негізгі үлесі Алматы қаласында – 50,7% (326 млрд. теңге), Астана қаласында – 8,4% (54 млрд. теңге) және Қарағанды облысында – 6,5% (41,9 млрд. тенге) шоғырланған, одан ұзақ мерзімді кредиттер тиісінше – 246,4 млрд. теңге, 46,2 млрд. теңге және 29,1 млрд. теңге.

2006 жылдың 1 қыркүйегіндегі кредит беру объектілеріне ақша қаражатын бөлу кезінде айналым қаражаттарын сатып алуға 1208,4 млрд. теңге, негізгі қорларды сатып алуға 388,4 млрд. теңге, азаматтарға тұрғын үй салуы және сатып алуы үшін 407,2 млрд. теңге бөлінді, бұл кредит салымдарының жалпы көлемінің (3583,8 млрд. теңге) тиісінше 33,7%-ын, 10,8%-ын, 11,4% құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2006 жылдың қыркүйегіне валюта айырбастау орындарының шетел валютасын сатуы/сатып алуы туралы есебі бойынша жеке тұлғаларға сату көлемі сатып алу көлемінен асып түсті: еуро – 2,6 есе, АҚШ доллары – 56%, ресей рублі – 77,6%.

Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі 2006 жылдың шілдесіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда АҚШ доллары бойынша – 46,3%-ға, ресей рублі бойынша 29,3%-ға өсіп, еуро бойынша – 5,8%-ға төмендеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **қайта қаржыландыруының ресми ставкасы** 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап 0,5 пайыздық пунктке өсіп, жылдық деңгейде 9% болып белгіленді.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы рыногі

2006 жылдың тамызында мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі атаулы құны бойынша ҚР Ұлттық Банкінің ноттарымен 346,6 млрд. теңге сомасында, тиімді жылдық табысы 3,75%[1)], ҚҰБ ноттары бойынша орташа өлшемді дисконталған баға – 99,72% болып белгіленді.

**) Деректер 2004 жылғы маусымнан бастап ХВҚ-ның әдіснамасымен және ақша-кредит статистика деректері мен төлем теңгерімі салыстырмалылығын сәйкестендіру мақсатында қайта қаралды. Өз қызметін ҚР аумағында жүзеге асыратын шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің шоттары міндеттемелердің ішкі активтерге/міндеттемелерге қосылды (бұрын олар міндеттемелердің сыртқы активтерде/міндеттерде көрсетілген).*

1) Күрделі сыйақы ставкасы бойынша.

8. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

8.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2006 жылдың үшінші тоқсанында (алдын-ала деректер бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 4,8 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 141 мың адамға (3%-ға) көп. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда жалданып жұмыс істейтіндердің саны 3,9 млн. адам (81,6%), жеке тұлғаларда 0,6 млн. адам (11,9%), шаруа (фермер) қожалықтарында 0,3 млн. адам (6,5%) жұмыс істеді.

Ағымдағы жылдың тамызында ірі және орта кәсіпорындарда 2,7 млн. адам жұмыс істеді немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 56,4%-ы. Бұл өткен жылдың тиісті айына қарағанда 123,9 мың адамға (4,8%-ға) көп. Осы қызметкерлер санынан ауыл, орман және балық шаруашылығында – 6%, өнеркәсіп және құрылыста – 33,7%, қызмет көрсету саласында 60,3% жұмыс істеді.

2006 жылдың тамызында жұмыс күшінің келуі өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда құрылыста 25 мың адамға (13,5%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында 16,6 мың адамға (11,1%), өнеркәсіпте 16,5 мың адамға (2,4%), саудада 14,3 мың адамға (21,4%), қаржы қызметінде 7,1 мың адамға (17,4%) өсті.

2006 жылдың тамызында ірі және орта кәсіпорындарда бір қызметкер 157,4 сағат жұмыс істеді. Жұмыс күнінің орташа ұзақтығы 7,2 сағатты құрады.

2006 жылғы тамыздың соңында ірі және орта кәсіпорындарда 21 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 0,8%). Бұл өткен аймен салыстырғанда 362 бірлікке (1,7%-ға) аз. Ең көп бос жұмыс орны саны өнеркәсіпте – 5176 бірлік (олардың жалпы санынан 24,6%), мемлекеттік басқаруда – 4925 бірлік (23,4%) тіркелді. Аталған кезең ішінде құрылыстағы бос жұмыс орны саны 3383 бірлікті (16,1%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында – 1791 бірлікті (8,5%), қаржы қызметінде - 1535 бірлікті (7,3%) құрады.

Бос жұмыс орындары санының азаюы ағымдағы жылдың шілдесімен салыстырғанда құрылыста 650 бірлікке тіркелді, ал оның көбеюі білім беруде (233 бірлік) тіркелді.

2005-2006 жылдардағы ірі және орта кәсіпорындардағы бос жұмыс орындарының саны

айдың соңына



8.2. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2006 жылдың үшінші тоқсанында (алдын ала деректер бойынша) 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 8,1 млн. адамды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 120,1 мың адамға (1,5%-ға) көп.

Республика экономикасында 7,5 млн. адам жұмыспен қамтылды. 2005 жылдың үшінші тоқсанына қарағанда олардың саны 133,8 мың адамға немесе 1,8%-ға өсті. Жұмыспен қамтылғандар құрылымында ерлер 3,8 млн. адамды немесе жалпы санның жартысынан көбін, әйелдер – 3,6 млн. адамды немесе 48,7%-ды құрады. Жалдамалы қызметкерлер үлесі 64,2%, өз бетімен жұмыспен қамтылғандар – 35,8%-ды құрады.

2006 жылдың үшінші тоқсанында (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір адамдар) жұмыссыздар саны 607,1 мың адамды құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,7 мың адамға немесе 2,2%-ға аз. Жұмыссыздық деңгейі 7,5% (2005 жылдың үшінші тоқсанында – 7,8%) қалыптасты.

2005-2006 жылдардағы жұмыссыздар саны және жұмыссыздық деңгейі



Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде уәкілетті органдарға жұмысқа орналасу мәселесі бойынша 216,2 мың адам, ағымдағы жылдың қыркүйегінде – 21,9 мың, ауыл тұрғыны – тиісінше 86,5 мың және 7,9 мың адам келді.

2006 жылғы қыркүйектің соңында жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде есепте тұрған адамдар саны 88,9 мың адамды құрады. Бұл өткен айға қарағанда 7,4 мың адамға (7,7%-ға) және 2005 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 14,9 мың адамға (14,3%-ға) аз. Тіркелген жұмыссыздардың жалпы санында әйелдер 59,8 мың адамды, ерлер – 29,1 мың адамды құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санында тіркелген жұмыссыздар үлесі 1,1% (2005 жылдың қыркүйегінде – 1,3%) құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйегінде 156,2 мың адам жұмысқа орналастырылды немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 13,8 мың адамға (9,7%-ға) көп. Жұмысқа орналасқысы келгендердің 72,2%-ы жұмысқа орналасты. Кәсіби дайындыққа немесе қайта даярлауға, біліктілікті көтеруге 23,5 мың адам жіберілді, қоғамдық жұмыстарға – 99,1 мың адам қатысты.

2006 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 31 кәсіпорын әртүрлі себептерге байланысты өндірісін толықтай, 139-ы жартылай тоқтатқан, 14 кәсіпорын толық емес жұмыс уақыты режиміне толықтай көшсе, 46-ы толық емес жұмыс уақыты режимінде жартылай жұмыс істеген. Ағымдағы жылдың қыркүйегінде еріксіз демалыста болған қызметкерлер саны өткен айға қарағанда 502 адамға қысқарып 9,4 мың адамды құрады.

8.3 ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

2006 жылдың тамызында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 42376 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 20,6%-ға, нақты көрінісінде – 10,9%-ға, қаңтар-тамызда – тиісінше, 38639 теңге, 22,7%-ға және 12,9%-ға өсті.

2005-2006 жылдардағы еңбекақы



2006 жылдың тамызында өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда жалдамалы қызметкерлердің жалақысының көбеюі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде байқалды. Өнеркәсіптегі қызметкерлердің жалақысы – 27,9%-ға, құрылыстағы қызметкерлердікі – 22,3%-ға, ауыл шаруашылығындағы қызметкерлердікі – 21,7%-ға, саудадағы қызметкерлердікі – 21,2%-ға, көлік және байланыстағы қызметкерлердікі – 17,1%-ға, білім берудегі қызметкерлердікі – 16,6%-ға, денсаулық сақтаудағы қызметкерлердікі – 9,2%-ға өсті.

Ең жоғары жалақы қаржы саласындағы қызметкерлерде – 92755 теңге, бұл орташареспубликалық деңгейден 2,2 есе жоғары. Кен өндіру өнеркәсібіндегі еңбекақы 87538 теңге немесе ел бойынша орташа жалақыдан 2,1 есе асты, көлік және байланыста және жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында – 62585 теңге және 62258 теңге немесе 1,5 есе.

Білім беруде еңбекақы – 23471 теңге болды, бұл орташареспубликалық көрсеткіштен 44,6% төмен, денсаулық сақтауда – тиісінше, 21420 теңге және 49,4%.

Ең төмен жалақы ауыл шаруашылығындағы қызметкерлерде – 18439 теңге, бұл ел бойынша орташа көрсеткіштен 43,5%.

2005-2006 жылдардың тамызында экономика секторлары бойынша еңбекақы

теңге



9. ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ

Ақшалай табысы

2006 жылғы тамызда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы (бағалау бойынша) 19475 теңгені құрады, ол 2005 жылғы тамызбен салыстырғанда 20,3%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 10,7%-ға өсті.

2006 жылғы тамыздағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

(өткен жылдың тиісті айына пайызбен)



2006 жылғы II тоқсандағы үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу нәтижесі бойынша, жан басына шаққанда бір ай ішінде тұтынуға жұмсалған табыстар 11927 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 35,8%-ға өсті. 2005 жылдың II тоқсанына қатысты көрсеткіштің едәуір өсімі қалалық жерде де (28,2%), ауылдық жерде де (47,8%) байқалды. Алайда, ауылдық жердегі табыстардың құрылуының жоғары қарқынына қарамастан, олардың шамасы қалалық жердегі табыстар деңгейінің 73,5%-ын ғана құрады.

Тұтынуға жұмсалған табыстар құрылымында үй шарушылықтарының тұрған жеріне байланысты айырмашылықтар сақталды: қала тұрғындарының ақшалай түсімдерінің үлес салмағы ауыл тұрғындарынікіне қарағанда 15,7 пайыздық пунктке өсіп, 96,4% құрады, ауыл тұрғындарында 80,7%. Тиісінше ауылдық жердегі жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін тұтынудың құндық бағасының үлесі де (19,3%) қалалық жердегіден (3,6%) асып түсті, бұл ауылдық жердегі үй шаруашылықтарының көпшілігінде табиғи өндірістің болуымен түсіндіріледі.

2006 жылғы II тоқсанда халықтың ақшалай табысының құрылымы

пайызбен



2006 жылдың II тоқсанында халықтың ақшалай табыстарының негізгі көзі – еңбек қызметінен түскен табыстар болды. Табыстар құрылымындағы олардың үлес салмағы 79,8% алады (81,3% қалалық жерде және 76,7% ауылдық жерде). Мұның өзінде халықтың ақшалай табыстарының өсуінің басты факторы, бұрынғысынша жалақы болды. Жалдамалы жұмыстан түскен табыс қала және ауыл тұрғындары үшін – тиісінше, 72,5% және 53,9% құрады. Ауыл тұрғындарының өз бетінше жұмыспен қамтылудан және жеке кәсіпкерліктен түскен табыстарының үлесі ақшалай табыстардың жалпы сомасының 22,8%-ын құрады, қала тұрғындарында – 8,8%. Табыстар сомасының 16,1% деңгейінде қалыптасқан әлеуметтік трансферттер де (қалалық жерде – 14,9%, ауылдық жерде – 18,6%) үй шаруашылықтарының әл-ауқат факторларының бірі болып табылады, алайда еңбек қызметінен түскен табыстарға қарағанда едәуір төмен дәрежеде. Есепті тоқсанда қала тұрғындары үшін меншіктен түскен табыстар аса маңызды болды, ал ауыл тұрғындары үшін – туысқандардан түскен материалдық көмек.

2006 жылдың II тоқсанында орта есеппен бір ай ішіндегі халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыстары 10833 теңгені құрады, бұл 2005 жылдың II тоқсанындағыдан 36,5%-ға жоғары. Бағаның өзгеруін есепке алғанда, оның өсуі 25,3% құрады.

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ақшалай шығыстар құрылымында тұтыну шығыстарының үлес салмағы төмендеп (1,3 пайыздық пунктке), тұтынуға байланысты емес шығыстардың үлес салмағы өсті, әсіресе кредиттер бойынша пайыздарды төлеуге байланысты шығыстар (1,1 пайыздық пунктке). Тұтыну шығыстары құрылымында ең көп үлес салмақты, бұрынғысынша азық-түлік тауарларына жұмсалған шығыстар алады (алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдерін қоса) – 45,1% (2005 жылдың II тоқсанында – 47,3%). Қарастырылып отырған кезеңде өткен жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда азық-түлік емес тауарларды сатып алуға жұмсалған шығындар үлесінің едәуір өскені (2,7 пайыздық пункте) байқалды. Азық-түлік емес тауарларға жұмсалған шығыстар баптары арасында басым шығыстар – жиһаз және тұрмыстық техника, киім және аяқкиім сатып алу шығыстары болды.

2006 жылдың II тоқсанында кедей халық үлесінің өткен тоқсанмен салыстырғанда біршама өсуіне қарамастан, кедейліктің төмендеу үрдістері жалғасты. Ең төменгі күнкөріс деңгейі бойынша кедейлік индексі 2006 жылдың II тоқсанында 2005 жылдың II тоқсанымен салыстырғанда 41,5%-дан 22,8%-ға дейін, ал азық-түлік қоржынының құнына қатысты 11,7%-дан 3,8%-ға дейін төмендеді (2005 және 2006 жылдардағы деректер жаңа ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасын, табыстардың баламалық шәкілі бойынша отбасы мүшелерінің санын ескере отырып, екінші және одан кейінгі отбасы мүшелеріне біріңғай 0,8 коэффициентімен есептелді).

2005-2006 жылдардың II тоқсанындағы Қазақстан Республикасында кедейліктің төмендеуі



Кедей халық табыстарының өсу қарқындылығы жақсы қамтамасыз етілген үй шаруашылықтарына қарағанда біршама жоғары. Табыстарды халықтың децильдік (10%) топтары бойынша бөлу 2006 жылдың II тоқсанында ең аз табысты үй шаруашылықтарының мүшелері топталған бірінші децильдегі орташа айлық табыстар 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 47,4%-ға, ал соңғы децильде (ең көп табысты) на 27,9%-ға өсті. Осының нәтижесінде бірінші және соңғы дециьдердегі орташа табыстардың айырмашылығы 2005 жылдың II тоқсанында 8,1 еседен 2006 жылдың II тоқсанында 7,0 есеге дейін төмендеді. Бірақ абсолютті түрде ең кедей халықтың табыстары 1327 теңгеге ғана, ал ең ауқатты халықтың табыстары 6318 теңгеге өскен.

Табыстарды халықтың квинтильдік (20%) топтары бойынша бөлу табыстардың шоғырлануын неғұрлым ірілендірілген халық топтары бойынша қарастыруға мүмкіндік береді.

2005 және 2006 жылдардың II тоқсанындағы үй шаруашылықтарының тұтынуға жұмсаған табыстары, халықтың децильдік және квинтильдік топтары бойынша

орта есеппен жан басына шаққанда, теңге

	Барлық үй шаруашылықтары		соның ішінде			
			қаладағы		ауылдағы	
	2005	2006	2005	2006	2005	2006
Халықтың децильдік топтары						
10% неғұрлым ауқатсыз	2799	4126	3435	4661	2470	3784
10% неғұрлым ауқатты	22671	28989	26142	32471	16184	22307
Халықтың квинтильдік топтары						
20% неғұрлым ауқатсыз	3391	5042	4180	5719	2931	4515
20% неғұрлым ауқатты	18087	23387	20945	26154	13070	18397

10. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

10.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне еліміздегі халық саны ағымдағы деректер бойынша 15331,9 мың адамды құрады, соның ішінде қалалық – 8786,2 мың (57,3%), ауылдық – 6545,7 мың адам (42,7%). Жыл басымен салыстырғанда ол 112,6 мың адамға өсті. Осы кезең ішінде Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан басқа өңірлерде халық санының өсуі байқалды. Халық санының ең жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласында - тиісінше 34 мың және 23,8 мың адам, ал оның ең көп азаюы - Шығыс Қазақстан облысына келеді: - 4 мың адам.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында республика халқының табиғи өсімі 91322 адамды құрады (81598 адам - осы жерде және бұдан әрі жақшаларда өткен жылдың тиісті кезеңіндегі көрсеткіштер келтірілген). Екі облыста - Қостанай және Солтүстік Қазақстан - өлгендердің саны туғандардың санынан асты. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 8,6 (8,1) адамды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында АХАЖ органдары 197841 (188730) тууды тіркеді. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 18,9 (18,5) туғандарды құрады.

Осы кезең ішінде өлгендер саны 106519 (107132) адамды құрады. Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,3 (10,4) өлгендерді құрады.

Өлімнің негізгі себептері қан айналымы жүйесі аурулары болып табылады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 52,1% (51,8%) тиесілі. Өлтіруден және өзін-өзі өлтіруден өлгендер саны тиісінше 1339 және 2815 (1467 және 2745) адамды құрады немесе жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан өлгендердің жалпы санынан 8,8% және 18,4% (9,7% және 18,1%). Жол-көлік оқиғаларынан өлгендер саны 2931 (2249) адамды құрады, немесе жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан өлгендердің жалпы санынан 19,2% (14,8%).

Осы кезең ішінде республикада 1 жасқа дейінгі 2765 (2820) бала өлімі тіркелген. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға 14,4 (14,7) өлгендерді құрады. Нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында 1424 (1433) нәресте өлген немесе барлық нәрестелер өлімінің 51,5% (50,8%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызында некелер мен ажырасулар саны тиісінше 86173 және 24184 (75578 және 21402) құрады. Неке және ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 8,8 (7,8) некені және 2,3 (2,1) ажырасуды құрады.

Халық көші-қонының оң айырымы ағымдағы жылдың қаңтар-тамызда 21326 (15708) адамды құрады, одан ТМД елдерімен - 17612 (19862) адам. Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында Қазақстанға келгендер саны 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7054 адамға немесе 14%, ал Қазақстаннан кеткендер саны 12672 адамға немесе 1,6 есе азайды. ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі олардың жалпы санынан тиісінше 86,2% және 89,6% (89,4% және 72,6%) құрады.

Халықаралық көші-қон

адам



Иммигранттардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Алматы облыстарына көшіп келді, ал эмигранттар Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарынан қоныс аударды.

Иммигранттар арасындағы қазақтардың үлес салмағы 78,3% (78,7%), орыстар - 12,5% (12,4%), немістер - 0,9% (0,9%) құрады. Қазақстаннан тыс елдерге кеткендер санындағы орыстардың үлес салмағы – 67,4% (59,5%), немістер - 7,3% (17,7%), қазақтар - 6,7% (5,7%) құрады.

Ел ішіндегі көшіп-қонушылардың саны 189948 (179481) адамды құрады, одан 82629 (78430) адам немесе 43,5% (43,7%) - халықтың өңіраралық көші-қонында. Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң айырымы елдің 4 (5) өңірінде байқалады, одан шамасы бойынша ең көбі Алматы қаласында: 13345 (10597) адам.

10.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2006 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда республика аумағында халықтың ауру-сырқауға шалдығуы тіркелетін инфекциялардың біразы бойынша қысқарды. Алайда, қан кету қызбасымен (2,9 есеге), аш ішектің қабынуымен (1,3 есеге), лептоспирозбен (27,3%-ға), созылмалы вирустық гепатитпен (10,7%), бактериялық дизентериямен (9,6%), менингококк жұқпасымен (7,9%), эхинококкозбен (5,1%) ауырғандар саны өскен. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны осы кезеңде 68-ден 86-ға дейін (26,5%-ға) өсті, 1111 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 578).

14 жасқа дейінгі балалар арасында листериозбен (1,7 есе), аш ішектің қабынуымен (1,3 есеге), бактериялық дизентериямен (6,1%-ға) ауырғандар саны өскен. 45 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 9), қан кету қызбасымен ауырғандардың 7 оқиғасы тіркелді.

Ағымдағы жылдың тамызында 2005 жылдың тамызымен салыстырғанда менингококк жұқпасымен (1,3 есе), бактериялық дәлелденген шигеллезбен (4,2%), бактериялық дизентериямен (1,6%) ауырғандар саны өскен. 153 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2005 жылғы тамызда – 101). Ауылдық жерлерде осы кезең ішінде бактериялық дизентериямен (5,1%), диагнозы бірінші ретқойылған бруцеллезбен (13,5%) ауыру оқиғаларының саны көбейген. 40 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2005 жылғы тамызда – 20).

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 7635,6 оқиға), тыныс органдарының туберкулезі (135,6), ішектің өткір жұқпасы (134,3), мерез (57,3), вирустық гепатит (44,2), битшеңдік (39), қышыма (18,7) және бруцеллез (19,5) болды.

10.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2006 жылғы қаңтар-тамыз айларында тіркелген қылмыстардың саны 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,7%-ға азайып, 91,7 мыңды құрады, олардың 28,6% әйелдерге, 4,5% - кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. Тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда 90,7 оқиғаны құрады.

Тіркелген қылмыстардың құрылымында жоғары үлес салмағын меншікке қарсы жасалған қылмыстар алады (64,4%). Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (41,7%) тиесілі болып отыр. 2005 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда ол 7,8%-ға азайған. Сонымен бірге алаяқтық (16,9%) оқиғаларының саны өскен. Жеке адамға қарсы жасалған қылмыстар тобында зорлау (5,9%) оқиғасының саны өсіп отыр.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамызында 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы жасалған қылмыстың (14,3%), көлік қылмысының (18,5%), халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы жасалған қылмыстардың саны (3,4%) өскен.

Талданып отырған кезең ішінде республиканың құқық қорғау органдары экономика саласындағы 6,2 мың қылмысты ашты (2005 жылғы қаңтар-тамыздағы деңгейге – 99,5%). Қылмыстардың бұл тобында экономикалық контрабандаға байланысты қылмыстардың саны (21,6%) көбейген.

2005 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда есірткіге байланысты қылмыстардың жалпы саны 4,7%-ға өскен. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 4,3%-ға көбейіп, 3,1 мың оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 88,9% құрады (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 85,3%).

Республикада әскери қылмыстардың қысқару үрдісі сақталуда. 2006 жылғы қаңтар-тамызда 2005 жылды? тиісті кезеңімен салыстырғанда әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың саны 9,4% азайды. Осы санаттағы тіркелген қылмыстардың 26% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету, 21,2% - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу және 2,2% - ?ашқындық.

Есепті кезеңде тексерілген қылмыстар бойынша республиканы тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 44020,7 млн. теңге болды, оның 41,5% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың үлесінде.

2006 жылдың қаңтар-тамызында республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 46,1 мың адамды анықтады (2005 жылғы қаңтар-тамыздағыдан 7,7% аз), 27,6 мың адам қылмыстық жауапқа тартылды.

Қылмысы әшкереленген адамдардың 13,9% - әйелдер, 12,1% - жасы кәмелетке толмағандар. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 4,3% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 10,2% құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір сегізінші қылмыскер қылмысты - мас күйінде, әрбір үшінші - топ құрамында жасаған. Қылмысы әшкереленгендердің ең көбін (86,2%) – жұмыссыздар құрады.

11. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2006 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі 2005 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Батыс Қазақстан, Атырау облыстарынан басқа (мұнда көлемнің төмендеуі – тиісінше, 2,8%, 0,5%) республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Ең көп өсімге Ақмола (32,1%) облысында қол жеткізілді. Жоғары өсу қарқыны Қызылорда облысында (27%), Астана қаласында (18,6%), Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қостанай облыстарында (тиісінше, 15,3%, 11,4%, 10,2%) және Алматы қаласында (9,6%) байқалды.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (кемуі)
(2005 жылғы қаңтар-қыркүйекке %-бен)



Шикі мұнай өндіру Қызылорда (26,7%-ға), Батыс Қазақстан (14,6%-ға), Маңғыстау (7%-ға), облыстарында өсті, Атырау (0,5%-ға) және Ақтөбе (0,9%-ға) облыстарында кеміді.

Газ конденсатын өндіру Батыс Қазақстан (5,7%-ға), Маңғыстау (8,4%-ға), және Жамбыл (15,3%-ға) облыстарында төмендеді.

Мыс кенін өндіру Қарағанды облысында (2,3%-ға), Шығыс Қазақстан облысында (0,7%-ға) өсті.

Қостанай облысында теміркенді шекемтастарды өндіру 11,9%-ға өсті.

Болат қорыту Ақтөбе (0,4%-ға), Шығыс Қазақстан (23,9%-ға), Павлодар (28,4%-ға) облыстарында өсті, ал Қостанай (9,5%-ға), Қарағанды (7,5%-ға) облыстарында азайды.

Өңделмеген мырыш өндіру Қарағанды облысында (18%-ға), Шығыс Қазақстан (0,6%-ға) облысында артты. Тазартылған мысты қорыту Шығыс Қазақстан (2,8 есе), Қарағанды (0,3%-ға) облыстарында өсті, ал Алматы қаласында 22,8%-ға азайды.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару 39%-ға артты.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ең жоғары өсімі Жамбыл (45%), Қызылорда (42%), Ақмола (32,7%-ға), Батыс Қазақстан (13,5%-ға), Маңғыстау (11,9%-ға) және Павлодар (7,7%-ға) облыстарында байқалды, ең көп төмендеуі Оңтүстік Қазақстан облысында (3,6%-ға) тіркелді.

Сарымай өндіру Батыс Қазақстан (84,6%-ға), Қызылорда (50%-ға), Ақтөбе (8,7%-ға) Қостанай (2,4%-ға), Солтүстік Қазақстан (2,1%-ға) облыстарында өсті, ал көлемнің кемуі Алматы (2,7%-ға) Павлодар (на 3,3%-ға), Қарағанды (8,4%-ға), Жамбыл (8,9%-ға), Шығыс Қазақстан (16,3%-ға), Оңтүстік Қазақстан (53,5%-ға), Ақмола (56,1%-ға) облыстарында тіркелді. Алматы және Астана қалаларында сарымай өндіру (тиісінше, 27,3%-ға, 5,6%-ға) кеміді.

Тазартылған күнбағыс майын өндіру Қостанай облысында (2,3 есе), Ақтөбе облысында (70,1%-ға), Алматы қаласында (32,3%-ға), Шығыс Қазақстан облысында (5%-ға) өсті, көлемнің төмендеуі Оңтүстік Қазақстан облысында (1,8%-ға) байқалды.

Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру Алматы қаласында (20,3%-ға), Алматы облысында (54%-ға), Қостанай облысында (5,4 есе), Оңтүстік Қазақстан облысында (6,3 есе) өсті, Жамбыл облысында (20,3%-ға) кеміді.

Ауыл шаруашылығы. Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда облыстар шаруашылықтарының барлық санаттарында тұтастай алғанда ірі қара мал, қой мен ешкі (Маңғыстау облысынан басқа, мұнда 6,1%-ға төмендеуі байқалды), жылқы саны өсті.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2005 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі Астана мен Алматы қалаларынан басқа республиканың барлық өңірінде байқалды. Өндіріс көлемінің ең жоғары өсімі Алматы (11,6%-ға), Қарағанды (7,3%-ға), Оңтүстік Қазақстан (7,3%-ға), Шығыс Қазақстан (7%) және Ақтөбе (6,5%-ға) облыстарында қол жеткізілді. Алматы қаласында ет өндіру көлемі 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейде сақталды, төмендеуі Астана қаласында (42,9%-ға) байқалды.

2005 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда сүт өндірісінің өсуі Астана қаласы мен Алматы қаласынан басқа республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Сүт өндірісі көлемінің аса жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысында (9,3%) тіркелді. Салыстырмалы жоғары өсу қарқыны Алматы (5,7%-ға) және Қызылорда (5,3%-ға) облыстарында тіркелді. Ал Астана қаласы мен Алматы қаласында (тиісінше 52,5 %-ға және 5,1%-ға) оның төмендеуі байқалды.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2005 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда жұмыртқа өндірісінің өсуі Қазақстанның 10 өңірінде байқалды. Аса жоғары өсу қарқыны Маңғыстау (25%-ға), Қарағанды (10,4%-ға), Павлодар (7,9%-ға), Солтүстік Қазақстан (5,9%-ға), Ақтөбе (5,9%-ға) облыстарында тіркелді. Оның төмендеуі Алматы (20,6%-ға), Атырау (2,9%-ға), Шығыс Қазақстан (1,4%-ға) облыстарында байқалды, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларында – тиісінше, 7,4% және 50%. Қызылорда облысында жұмыртқа өндірісі 2005 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейде қалды.

Инвестициялар. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар (жете бағалауды ескере отырып) 1802,9 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 20% артық.

Инвестицияның өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды, Солтүстік Қазақстан облысынан басқа, мұнда оның төмендеуі байқалды (27,6%). Ең көп өсуі Павлодар (78%-ға), Маңғыстау (75,4%-ға) және Шығыс Қазақстан (45,9%) облыстарында байқалды. Жоғары өсу қарқыны, сондай-ақ, Ақмола (32,8%-ға), Астана қаласында (32%), Оңтүстік Қазақстан облысында (31,7%) және Алматы қаласында (31,3%) байқалды.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден республиканың барлық өңірлерінде асып түсті, Шығыс Қазақстан облысынан басқа. Аса белсенді тұрғын үй құрылысы Павлодар облысында жүргізіліп жатыр, мұндағы өсім (77,2%) құрады және Ақтөбе облысында (70,6%). Жоғары өсу қарқыны Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қостанай облыстарында байқалды, мұндағы олардың көлемі 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, тиісінше, 49,4%-ға, 48,8%-ға және 41,7%-ға өсті.

Шығыс Қазақстан облысында (5,4%) тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемінің төмендеуі байқалды.

Бөлшек сауда тауар айналымы. 2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 1112,5 млрд. теңгені құрады және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) 13,7%-ға өсті.

2006 жылғы қаңтар-қыркүйекте өңірлік бөліністегі бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің өсуі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) республиканың барлық өңірінде байқалды. Ең жоғары өсім Жамбыл (25,4%), Ақмола (13,5%), Павлодар (12,6%), Қостанай (10,7%) және Қызылорда (10,6%) облыстарында, Астана (34,6%) және Алматы қалаларында (14,5%) байқалды. Солтүстік Қазақстан облысында бөлшек сауда тауар айналымының ең аз өсуі байқалды (1,5%).

Тұтыну бағасының индексі. 2006 жылғы қыркүйекте тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасы өткен аймен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде өсті, Батыс Қазақстан облысынан басқа. Бағаның ең жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысында (1,5%), Астана қаласында (0,8%) және Ақтөбе облысында (0,7%) тіркелді. Батыс Қазақстан облысында баға ағымдағы жылдың тамызындағы деңгейде қалды.

2006 жылғы қыркүйекте өткен аймен салыстырғанда азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуі республиканың тоғыз өңірінде байқалды. Бағаның ең көп төмендеуі Қызылорда облысында (0,7%-ға), Шығыс Қазақстан мен Батыс Қазақстан облыстарында (0,6%-ға әрқайсысында) байқалды. Сол кезде азық-түлік тауарлары бағасының өсуі Оңтүстік Қазақстан облысында (0,8%-ға), Астана қаласы мен Маңғыстау облысында (0,2%-ға), сондай-ақ Қостанай және Ақтөбе облыстарында (0,1%-ға әрқайсысында) байқалды. Атырау мен Жамбыл облыстарында баға 2006 жылдың тамызындағы деңгейде сақталды.

Азық-түлік емес тауарлар бойынша бағаның өсуі барлық өңірлерде байқалды. Азық-түлік емес тауарларға бағаның ең көп өсуі Шығыс Қазақстан (1,4%-ға), Ақмола (1,3%-ға) және Алматы (1,2%-ға) облыстарында байқалды.

Республиканың барлық өңірлерінде, Маңғыстау облысынан басқа, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағалары мен тарифтерінің өсуі байқалды. Ең жоғары өсім Оңтүстік Қазақстан облысында (3,9%-ға), Астана қаласында және Ақтөбе облысында (1,8%-ға әрқайсысында), Солтүстік Қазақстан облысында (1,6%-ға) байқалды. Маңғыстау облысында баға 2006 жылдың тамызындағы деңгейде сақталды.

Халықтың ақшалай табысы. 2006 жылғы тамызда Қазақстандағы халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы (бағалау бойынша) 19475 теңгені құрады. Атырау және Маңғыстау облыстары республиканың аса жоғары табысты өңірлері болып табылады, оларда табыс орташа республикалық деңгейден әрқайсысында (2,4 есе) асқан. Астана және Алматы қалаларындағы халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстарының деңгейі орташа республикалық деңгейден тиісінше 2,1 және 1,9 есе асты. Халықтың жан басына шаққандағы ең төмен ақшалай табыс Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының тұрғындарында байқалды (тиісінше: орташа республикалық деңгейден 46,9%, 50,9% және 63,8%).

Еңбек рыногы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылғы қыркүйектің соңына жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны 88,9 мың адамды құрады. Ал олардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі – 1,1%. Өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш 9 облыста асып түскен. Жұмыссыздардың қомақты үлесі Павлодар (2,3%), Ақмола (1,6%), Қызылорда (1,5%) облыстарына келеді. Астана, Алматы қалаларында бұл көрсеткіш – әрқайсысында 0,7% құрады.

12. КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2006 жылғы қыркүйекте 738 ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындары зерттелген, соның ішінде 79 - кен өндіру өнеркәсібі (сұралғандардың жалпы санының 11%-ы), 531 (72%) - өңдеу өнеркәсібі және 128 (17%) - электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу кәсіпорындары бар.

2006 жылғы қыркүйекте сауалдамаға жауап берген кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 1 пайыздық пунктке кеміп, маусымдылық фактордың есебімен (+13)%-ды құрады.

Жақын арадағы 2-3 айда (2006ж. қазан–желтоқсан) өнеркәсіп кәсіпорындарында іскерлік белсенділіктің құлдырауы күтілуде. Кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2006 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 8 пайыздық пунктке кеміп, (+5)%-ды құрайды.

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдылық факторынсыз)

баланс, %



Кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық пунктке кеміп, (+15)%-ды құрады.

Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 5 пайыздық пунктке кеміп, (+10)%-ды құрады.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу бойынша зерттелген кәсіпорындардағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі (+9)%-дан (+20)%-ға дейін өсті.

2. Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2006 жылғы қыркүйектің соңында 1459 сауда кәсіпорындарынан сауалдама алынған болатын, соның ішінде 786 – бөлшек сауда (сауалдамаға жауап бергендердің жалпы санының 54%), 645 – көтерме сауда (44%) және 28 – сауда делдалдық кәсіпорындары (2%) бар.

2006 жылғы қыркүйекте сұралған, басшылары экономикалық жағдайын “жақсы” және “қанағаттанарлық” деп сипаттаған сауда кәсіпорындарының үлесі өткен аймен салыстырғанда өзгерген жоқ, сөйтіп 97%-ды құрады.

Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2006 жылғы қыркүйекте 1 пайыздық пунтке кеміп, (+15)% құрады (маусымдылық факторы есебімен).

Жақын арадағы 2-3 айда (2006ж. қазан–желтоқсан) басшылардың біразының бағалауы бойынша іскерлік белсенділіктің одан әрі өсуі күтілуде, кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2006 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 1 пайыздық пунктке өсіп, (+16)%-ды құрайды.

Сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдылық факторынсыз)

баланс, %



2006 жылғы қыркүйекте өткен аймен салыстырғанда көтерме сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі 1 пайыздық пунктке кеміп, (+16)%-ды құрады, бөлшек сауда кәсіпорындарында 2 пайыздық пунктке кеміп (+13)% құрады, ал сауда делдалдығы саласында (+16)%-дан (+14)%-ға дейін кеміді.

3. Тұтынушыларды зерттеу

2006 жылғы қыркүйекте өңірлік статистика басқармаларының қызметкерлері түрлі топтардағы тұтынушыларды (қала мен ауыл халқы, фирмалар мен банктердің, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер және басқалары) – 1600 респондентті кезекті зерттеуден өткізді. Зерттеудің негізгі мақсаты – ел экономикасындағы және жеке үй шаруашылығындағы өзгерістер туралы тұтынушылардың жеке пікірлерін анықтау. Сонымен бірге, сауалдама үй шаруашылықтарында ұзақ пайдаланатын тауарларға деген тұтынушылар сұранысының үрдісін қадағалауға мүмкіндік береді.

2006 жылғы қыркүйекте **"Тұтынушылардың сезіну индексі"** өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық пунктке кеміп **(+23)%-ды** құрады.

"Экономикалық ахуал индексі" өткен аймен салыстырғанда 3 пайыздық пунктке кеміп **(+25)%**-ды құрады.

"Сатып алу тілегінің индексі" өткен аймен салыстырғанда 1 пайыздық пунктке кеміп (**+21)%**-ды құрады (Диаграмманы қараңыз).

2006 жылғы қыркүйекте респонденттердің 36%-ы соңғы 12 ай ішінде еліміздегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын айтса, сол мезгілде тұтынушылардың 13%-ы жағдайдың нашарлағанын хабарлады.

Респонденттердің 37%-ға жуығы алдағы 12 айда елдегі жалпы экономикалық жағдайдың жақсаратынын күтеді, ал 11%-ы жағдайдың нашарлауы мүмкін деп есептейді.

Респонденттердің үштен бірінен астамы (35%) 2006 жылғы қыркүйекте жеке үй шаруашылығындағы қаржы жағдайының жақсарғаны, тиісінше, өткен аймен салыстырғанда ұзақ пайдаланатын тауарларға сұраныстың өскені туралы хабарлады. Сонымен бірге, сұралғандардың жалпы санының 14%-ы өз үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлағанын айтады.

Респонденттердің 12%-ның пікірі бойынша еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне қатысты ахуал алдымыздағы 12 айдың ішінде жақсарады десе, сол кездегі сұралғандардың 12%-ы оған қарама-қарсы пікірді ұстанады.

Алдымыздағы 12 айдың ішінде үй шаруашылығындағы ақшалай қорланым сомасының өсу мүмкіндігін сұралған тұтынушылардың 21%-ы белгілесе, ал 21%-ы оның кемитінін белгіледі.

Тұтынушылар бағасы



13. ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

13.1 ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

(ТМД Статкомитетінің деректері бойынша)

2006 жылғы қаңтар-тамызда, бағалау бойынша, жалпы ішкі өнім 2005 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 6% өсті (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 5%).

Достастық елдері бойынша орта есеппен алғандағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер

(өсім; өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



**Құбырлар арқылы емес.*

2006 жылғы қаңтар-тамызда **өнеркәсіп өндірісінің** өсімі өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 5,5% құрады (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 4,4%). Әзірбайжан (өсім 40,5%) мен Беларусьтің (12,7%) өнеркәсібі өте жоғары қарқынмен дамыды. Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,6% өсті. Өнеркәсіп өндірісі Қырғызстанда (9,6%), Молдовада (5,7%) және Арменияда (0,9%) төмендеді.

Достастық елдеріндегі өнеркәсіп өндірісі

(тұрақты бағаларда; өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі 2006 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылғы қаңтар-тамызға қарағанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 114% құрады (2005 жылғы қаңтар-тамызда –119%). 2006 жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда баға бұл елдер бойынша орта есеппен 2,2%-ға өсті (2005 жылғы тамызда – 1,8%).

Ауыл шаруашылығы. Өсімдік шаруашылығы. Достастық елдерінде дәнді дақылдарды жинау аяқталуға жақын. Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша үстіміздегі жылғы 18 қыркүйекте 10,4 миллион гектар алқаптың дәнді дақылдары (жүгеріні қоса) немесе жиналуға тиісті алқаптың 73% бастырылды. Бастырылған егін 11,7 миллион тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осы күнгі көрсеткішімен салыстырғанда 22%-ға көп. Жиналған алқаптың бір гектарынан 11,2 центнер астық алынды, 2005 жылы 10,4 центнер болған.

2006 жылғы қыркүйек айының қарсаңында Әзірбайжанда жиналуға тиісті алқаптың 99,7% бастырылды, бастырылған егін 1,9 миллион тонна дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды (жүгерісіз; бастапқы кіріске алынған салмағында) құрады, бұл 2005 жылғы қыркүйек айының басындағыдан 1,7%-ға аз, шығымдылық 2005 жылғы деңгейде қалды – гектарынан 25,7 центнер.

Беларусьтің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 11 қыркүйекке қарсы 2 миллион гектар жердің дәнді дақылдары орылды (жиналуға тиісті алқаптың 91%), 5,7 миллион тонна астық бастырылды, бұл 2005 жылғы осы күнгі көрсеткіштен 10%-ға аз. Шығымдылық бір гектардан 28,9 центнерді құрап, 8% азайған.

Қырғызстанда 1 қыркүйекте жиналуға тиісті алқаптың 70%-нан 926 мың тонна астық бастырылды (өткен жылғы осы күнгі көрсеткіштен 6%-ға аз), жиналған алқаптың бір гектарынан 23,6 центнер астық алынды (өткен жылғыдан 9%-ға аз).

Молдовада ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 673 мың тонна дәнді дақылдар жиналды, бұл өткен жылғыдан 26%-ға аз. Шығымдылығы жиналған алқаптың бір гектарынан 23,3 центнерді құрады, 2005 жылғы осы күні - 26,2 центнер болған.

Ресейде қыркүйек айына дейін 17,3 миллион гектар жердің астығы жиналып (жиналуға тиісті алқаптың 52%), өнім 39,6 миллион тонна астықты құрады, бұл 2005 жылғы қыркүйекке дейінгі көрсеткіштен 16%-ға аз. Дәнді дақылдардың түсімділігі бір гектардан 22,9 центнерді құрап, 3%-ға өскен.

Тәжікстанда 1 қыркүйекке жиналуға тиісті алқаптың 82% орылды (67 мың гектар), 116 мың тонна астық бастырылды (өткен жылдың осы күніне қарағанда 12% аз), шығымдылығы гектарынан 17,2 центнерді құрады (4%-ға көп).

Украинада 1 қыркүйекке дейін дәнді дақылдар егілген 8,5 миллион гектар жерден (жиналуға тиісті алқаптың 92%) 20,7 миллион тонна астық алынды, бұл 2005 жылғы қыркүйектің басындағыдан 12% аз, шығымдылығы 7%-ға азайып, гектарынан 24,4 центнерді құрады.

Мал шаруашылығы. 2006 жылғы қаңтар-тамызда 2005 жылдың қаңтар-тамызымен салыстырғанда Достастық елдері бойынша союға арналған мал мен құс (тірі салмағында) орта есеппен - 5%-ға көп өндірілді (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 0,3%-ға аз), сүт – 0,2%-ға аз (1%-ға аз), жұмыртқа, өткен жылғыдай 4%-ға көп.

Инвестициялар және құрылыс. Достастық елдерінде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі (тұрақты бағаларда) 2006 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2005 жылғы қаңтар-тамыздағыдай орта есеппен 13%-ға өсті.

2006 жылғы қаңтар-тамызда Достастық елдерінде қаржыландырудың барлық көздері есебінен жалпы ауданы өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 12%-ға көп тұрғын үйлер пайдалануға берілді (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 10%).

Көлік. Достастық елдері бойынша 2006 жылғы қаңтар-тамызда көлік кәсіпорындары тасымалдаған жүк көлемі (құбырларсыз) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда орта есеппен 7%-ға (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 4%), жүк айналымы - 5%-ға (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 2%) өсті.

Көлік кәсіпорындарында жолаушылар айналымы (қалалық электр көлігі және жеңіл таксомоторлықтан басқа) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 3%-ға өсті (2005 жылғы қаңтар-тамызда – 0,2%-ға төмендеген), жолаушылар тасымалдау 3%-ға (2005 жылғы қаңтар-тамызда - 9%-ға) азайған.

Тұтыну рыногы. 2006 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлемі (тұрақты бағаларда) Достастық елдерінде орта есеппен, 2005 жылғы қаңтар-тамыздағыдай, 14%-ға өсті.

Тұтыну рыногындағы баға. 2006 жылғы қаңтар-тамызда Достастықтың бірқатар елдерінің тұтыну рыноктарында инфляциялық процестердің біршама жеделдегені белгіленді.

Достастық елдеріндегі тұтыну бағаларының деңгейі

(өсім; 2005 жылғы желтоқсанға, %-бен)



2006 жылғы тамызда 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда тұтыну бағаларының ең жоғары өсу қарқыны Тәжікстанда (8%), Молдовада (7,9%) және Ресейде (7,1%) байқалды. Қазақстанда тұтыну бағаларының өсімі 5,3% құрады.

2006 жылғы тамызда азық-түлік тауарлары бағасының ең жоғары өсімі 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда Тәжікстанда (8,8%), Әзірбайжанда (7,5%) және Ресейде (7,4%) белгіленді. Қазақстанда азық-түлік тауарлары бағаларының өсімі 4,6% құрады.

2006 жылғы тамызда 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар бағаларының ең жоғары өсімі Молдовада (9,6%) және Грузияда (9,2%) байқалды. Қазақстанда азық-түлік емес тауарлар бағаларының өсімі 4,4% құрады.

Ағымдағы жылғы тамызда 2005 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда ақылы қызмет бағаларының ең жоғары өсуі Украинада (20,3%), Молдовада (18,1%) Тәжікстанда (15,7%), және Ресейде (11,5%) белгіленді. Қазақстанда ақылы қызмет бағаларының өсуі 7,5% құрады.

Қаржы. 2006 жылғы тамызда Достастық елдерінің валюталық рыноктарындағы ахуал АҚШ доллары мен бірыңғай еуропалық валютаға қарағанда ұлттық валюталардың азғантай ауытқуларымен сипатталды. Достастықтың бірқатар елдерінде ұлттық валюталардың АҚШ долларына қарағанда нығаю үрдісі жалғасты. Ағымдағы жылғы тамыздың соңында шілде айының соңымен салыстырғанда АҚШ долларының бағамы әзірбайжан манатына қарағанда 0,8%-ға, армян драмына – 4,5%, белорус рубліне және молдаван лейіне – 0,1%-ға, грузин лариіне – 1,2%, қырғыз сомына - 1,0%, ресей рубліне - 0,5% төмендеді; түрікмен манатына және украин гривнасына қарағанда өзгеріссіз қалды. Қазақстанда АҚШ доллары бағамының бір айда 5,8% өсуі оның жыл басынан бері байқалған төмендеуін тоқтатты; Тәжікстанда ол 0,8%-ға және Өзбекстанда 0,1%-ға өсті.

2006 жылғы тамыздың соңына қарай жыл басымен салыстырғанда АҚШ долларының бағамы әзірбайжан манатына қарағанда 4,0%-ға (2005 жылғы тамыздың соңымен салыстырғанда – 4,7%-ға), армян драмына – 11,9%-ға (15,3%-ға), белорус рубліне – 0,5%-ға (0,5%-ға), грузин лариіне – 2,7%-ға (2,6%-ға), қазақ теңгесіне – 6,4%-ға (7,4%-ға), қырғыз сомына – 4,4%-ға (3,6%-ға), ресей рубліне қарағанда – 7,1%-ға (6,3%-ға) төмендеді; молдаван лейі тиісінше 3,8% және 5,9%-ға, тәжік сомониі – 5,7% және 6,1%-ға, өзбек сумы – 4,1% және 8,5%-ға арзандады. Қаралып отырған кезеңдерде АҚШ долларының бағамы түрікмен манаты мен украин гривнасына қарағанда өзгеріссіз қалды.

Достастықтың бірқатар елдерінде тамыз айының соңында бірыңғай еуропалық валютаға қарағанда ұлттық валюталардың нығайғаны белгіленді. Ағымдағы жылғы шілденің соңымен салыстырғанда еуро бағамы: Әзірбайжанда – 0,3%, Арменияда – 3,4%, Грузияда – 0,1%, Қырғызстанда – 0,3% төмендеді; Достастықтың басқа елдерінде ұлттық валюталарға қарағанда еуро бағамының өсуі жалғасты, сөйтіп бір айдың ішінде ол Беларусьте – 1,1%, Қазақстанда – 6,9%, Молдовада – 1,0%, Ресейде – 0,6%, Тәжікстан мен Түрікменстанда – 1,4%, Өзбекстан мен Украинада - 1,2% өсті. Жыл басымен салыстырғанда еуро бағамы әзірбайжан манатына қарағанда 3,6%-ға, белорус рубліне – 7,9%-ға, грузин лариіне – 5,3%-ға, қазақ теңгесіне – 1,2%, қырғыз сомына – 3,0%-ға, молдаван лейіне - 12,2%, ресей рубліне – 0,4%, тәжік сомониіне – 13,6%, түрікмен манатына – 8,3%, өзбек сумына – 12,6%, украин гривнасына – 8,4% өсті; армян драмына қарағанда – 4,5% төмендеді. Ағымдағы жылғы тамыздың соңында 2005 жылғы тамыздың соңымен салыстырғанда еуро бағамы: Арменияда – 10,9%, Қазақстанда – 3,3%, Қырғызстанда – 0,1%, Ресейде – 1,6% төмендеді; Беларусьте оның осы кезеңдегі өсуі 4,6%, Грузияда – 2,3%, Молдовада – 10,3%, Тәжікстанда – 10,6%, Түрікменстанда – 2,8%, Өзбекстанда – 12,6%, Украинада – 5,2% құрады.

Сыртқы сауда. 2006 жылдың қаңтар-шілдесінде Достастық елдері экспортының жалпы көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда орта есеппен 28%, импорт – 30% өсті.

2006 жылғы қаңтар-шілдедегі Достастық елдерінің өзара саудасы

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



2006 жылғы қаңтар-шілдедегі Достастық елдерінің әлемнің басқа елдерімен экспорттық-импорттық операциялары

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде ТМД елдерінің арасындағы тауарлардың өзара саудасының құндық көлемі 2005 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда орта есеппен 23%-ға, соның ішінде экспорт – 24%, импорт – 21% өсті.

2006 жылғы қаңтар-шілдеде Достастық елдерінің әлемнің басқа елдерімен жасасқан тауарлар экспортының құндық көлемі 2005 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда орта есеппен 28%-ға, импорт - 35%-ға өсті.

Жалақы. 2006 жылғы қаңтар-тамызға есептелген атаулы орташа айлық жалақы (есептелген, бірақ төленбеген соманы есепке алғанда) Әзірбайжанда 137 манатты, Арменияда – 61,4 мың драмды, Беларусьте – 573 мың беларусь рублін, Қазақстанда – 38,6 мың теңгені, Қырғызстанда – 2857 сомды, Молдовада – 1597 лейді, Ресейде – 10138 рубльді, Тәжікстанда – 114 сомониді, Украинада – 994 гривнаны құрады.

Достастық елдеріндегі нақты жалақының деңгейі

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Достастық елдерінің ұлттық (орталық) банктері белгілеген валюталардың ресми бағамдарынан алатын болсақ, орташа жалақы Әзірбайжанда 2006 жылғы тамызда - 166 АҚШ долларына, 2005 жылғы тамызда – 131 долларға, Арменияда, тиісінше – 163 және 114, Беларусьте - 291 және 231, Қазақстанда – 346 және 259, Қырғызстанда - 77 және 62, Молдовада - 133 және 107, Ресейде – 407 және 303, Тәжікстанда – 36 және 27, Украинада 212 және 165 АҚШ долларына сәйкес болды.

Еңбек рыногы. Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша анықталатын, яғни өз бетінше жұмыс іздеп жүрген (жұмыспен қамту қызметіне бармаған) адамдар санын қоса есептегенде, Достастық елдеріндегі жұмыссыздардың жалпы саны тамыздың аяғында 10 миллион адам, немесе экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының 9% деп бағаланып отыр.

Жұмыспен қамту қызметтерінде ресми тіркелген жұмыссыздардың саны, негізінен жұмыссыздардың жалпы санынан 2-3 есе төмен. 2006 жылғы тамыздың соңында Достастық елдерінің жұмыспен қамту қызметтерінде жұмыс іздеп жүрген 3 миллионға жуық азамат есепте болды. Кәсіпорындардың жұмыссшы күшіне қажеттілігі (жұмыспен қамту қызметтеріне берілген бос орындар саны) осы күні 1,5 миллион адамды құрады.

Достастық елдерінде тіркелген жұмыссыздық деңгейі

(кезең соңына; экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа %-бен)



**Шілде.*
***Жұмысқа қабілетті жастағы жұмысқа қабілетті халыққа %-бен.*

13.2 ЕО ЖӘНЕ ЕУРО-АЙМАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өнеркәсіп өндірісі. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша 2006 жылдың шілдесінде маусымдық ауытқуларға бейімделген өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2005 жылдың шілдесімен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-те – 3,2%-ға өсті. Өндіріс көлемінің өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің барлық секторларында байқалды. Өндіріс көлемінің ең көп өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің аралық тауарлар секторында – 4,9% (екі аймақта да), күрделі тауарлар секторында – тиісінше, 3,8% және 4,4% байқалды. Өндіріс көлемінің өсуі, сондай-ақ, Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарлар секторында байқалды – тиісінше, 3,3% және 4,7%.

Секторлар бойынша өнеркәсіп өнімдері көлемінің өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда, %



2006 жылдың шілдесінде 2005 жылдың шілдесімен салыстырғанда есеп берген еуропа елдері ішінде өндіріс көлемінің өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің барлық елінде байқалды, Италия мен Швециядан басқа, онда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалды – тиісінше, 0,2% және 0,9%. Өндіріс көлемінің ең көп өсуі Польшада – 14,3%, Финляндияда – 12,5%, Литвада – 12,3%, Венгрияда – 12,2%, Чехияда – 11,0% байқалды. Өндіріс көлемінің ең аз өсуі Португалияда – 0,1%, Францияда – 0,4%, Ұлыбританияда – 1,0% байқалды.

2006 жылдың шілдесінде 2005 жылдың маусымымен салыстырғанда есеп берген еуропа елдері арасында өнеркәсіп өндірісінің көлемінің өсуі – 13 елде, төмендеуі – 7 елде байқалды. Ең көп өсім Люксембургте – 8,5%, Ирландияда – 5,0%, Данияда – 2,4%, Словенияда – 2,0% тіркелді. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің ең көп төмендеуі Португалияда – 5,5%, Литвада – 3,5%, Францияда – 1,3% тіркелді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі Польшада ағымдағы жылдың маусымындағы деңгейде қалды.

Бөлшек сауда. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2006 жылдың шілдесінде 2005 жылдың тиісті айымен салыстырғанда ЕО-25-те – 2,9%-ға, Еуро-аймақта 1,9%-ға өсті. Бөлшек сауда көлемінің өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің барлық тауар топтары бойынша байқалды. Ең көп өсуі ЕО-25 пен Еуро-аймақтың шаруашылық тауарлары саудасында – тиісінше, 4,2% және 3,1%, сондай-ақ азық-түлік емес тауарлар саудасында тиісінше 3,2% және 2,1% тіркелді. Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің ең аз өсуі Еуро-аймақтың азық-түлік тауарлары саудасында – 1,7%, ЕО-25-те 2,7% байқалды.

2006 жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі ЕО-25 пен Еуро-аймақта – тиісінше, 0,2%-ға және 0,4%-ға өсті. Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің төмендеуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің шаруашылық және азық-түлік емес тауарлары саудасында байқалды.

Бөлшек сауда көлемінің өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғандағы өзгерісі %-бен



2006 жылдың шілдесінде 2005 жылдың тиісті айымен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің барлық елінде бөлшек сауда көлемінің өсуі байқалды, оның төмендеуі тиісінше 0,7% және 0,6% байқалған Италия, Люксембургтен басқа. Бөлшек сауда көлемінің ең көп өсуі Латвияда – 18,7%, Эстонияда – 17,1%, Грецияда – 10,7%, Польшада – 9,1% тіркелді. Бөлшек сауда көлемінің ең аз өсуі Германияда – 0,4%, Бельгияда – 1,1%, Испания және Словенияда – әрқайсысында 1,3% тіркелді.

2006 жылдың шілдесінде өткен аймен салыстырғанда Еуро-аймақ пен Ео-25-тің 8 елінде бөлшек сауда көлемінің төмендеуі, ал 12 елінде - өсуі байқалды. Ең көп төмендеуі Польшада – 1,7%, Австрияда – 1,3% тіркелді. Бөлшек сауда көлемнің ең көп өсімі Португалияда – 4,1%, Эстонияда – 1,8%, Бельгияда – 1,7% және Литвада – 1,5% тіркелді.

Сыртқы сауда. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша сауда балансының профициті басқа елдермен бірге Еуро-аймақта 2006 жылдың шілдесінде 1,5 млрд. еуроны құрады, ал 2005 жылдың шілдесінде профицит– 7,4 млрд. еуро болған. 2006 жылғы маусымдағы сыртқы сауда балансы туралы деректер нақтыланып, профицит – 1,5 млрд. еуроны құрады (2005 жылғы маусымда профицит– 6,8 млрд. еуро болған).

Бағалау бойынша, 2006 жылдың шілдесінде ЕО-25-тің сыртқы сауда балансының дефициті 12,8 млрд. еуро болды, 2005 жылғы шілдеде ол 3,6 млрд. еуроны құраған. 2006 жылғы маусымдағы сыртқы сауда балансы туралы нақтыланған деректер бойынша сауда балансының дефициті 12,0 млрд. еуроны құрады, ал 2005 жылдың тиісті кезеңінде– 2,3 млрд. еуро болды.

2006 жылғы қаңтар-маусымда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда негізгі серіктестермен сауда көлемі ЕО-25-те өсті. Импорт көлемінің ең көп өсуі Қытайдан (24%), Ресейден және Канададан (21%), Түркиядан (20%) әкелінген импортқа тіркелсе, ал экспорт көлемінің ең көп өсуі – Ресейде (39%), Норвегияда (35%), Қытайда (24%), Үндістанда (20%) тіркелді.

2006 жылғы қаңтар-маусымда ЕО-25 елдері арасында сауда балансы профицитінің ең көп көлемі Германияда (76,0 млрд. еуро), Нидерландыда (19,4 млрд. еуро), Ирландияда (16,2% млрд. еуро), ал сауда балансы дефицитінің ең көп көлемі Ұлыбританияда (49,0 млрд. еуро), Испанияда (43,3 млрд. еуро), Грецияда (16,9 млрд. еуро), Францияда (16,4%) және Италияда (14,3 млрд. еуро) тіркелді.

Баға

Инфляция. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша Еуро-аймақ пен ЕО-25-тегі инфляцияның жылдық өсімі 2005 жылдың тамызымен салыстырғанда 2006 жылғы тамызда 2,3%-ға өсті, 2006 жылдың шілдесімен салыстырғанда бағаның төмендеуі Еуро-аймақта – 0,1%, ЕО-25-те – 0,2% құрады.

Еуро-аймақтағы тауарлар мен қызметтерге баға деңгейінің өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



**) Алдын ала деректер.*

Қолда бар деректер бойынша ЕЕА-дағы (Еуропалық экономикалық кеңістік елдері) инфляцияның жылдық өсімі 2006 жылғы тамызда 2005 жылғы тамызбен салыстырғанда 2,3%-ға, ал 2005 жылғы шілдемен салыстырғанда 0,2%-ға төмендеді.

2006 жылдың тамызында өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда баға деңгейінің өсімі есеп берген барлық еуропа елдерінде байқалды. Баға деңгейінің ең көп өсімі Исландияда (7,1%), Латвияда (6,8%), Словакияда және Эстонияда (5,0%), Венгрияда (4,7%), ең аз өсімі – Финляндияда (1,3%), Швецияда (1,6%), Польшада (1,7%), Германияда (1,8%) тіркелді.

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы 2006 жылдың тамызында 2005 жылғы тиісті аймен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-те – тиісінше 5,7%-ға және 6,2%-ға өсті.

Бағаның өсімі өнеркәсіптің барлық секторларында тіркелді. Бағаның ең көп өсуі 2006 жылдың тамызында өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда ЕО-25 пен Еуро-аймақтың энергетикалық тауарлар секторында – тиісінше, 15,0% және 12,7%, аралық тауарлар секторында – тиісінше 6,3% және 6,5% тіркелді. Ең аз өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің күрделі тауарлары секторында – тиісінше, 1,6% және 1,5% байқалды.

Секторлар бойынша өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының өзгеру серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда %



2006 жылдың тамызында 2005 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ЕО-25-тің есеп берген көптеген елдерінде барлық елдердегі өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының өсуі тіркелді. Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы деңгейінің ең көп өсімі Люксембургте – 16,7%, Венгрияда – 11,1%, Данияда – 11,0%, Словакияда – 8,8%, ең аз өсімі – Чехияда 2,7% тіркелді.

2006 жылдың тамызында өткен аймен салыстырғанда өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының ең көп өсуі Венгрияда – 3,1%, Данияда– 2,8% тіркелді. Бағаның төмендеуі Нидерландыда- 1,0%, Словенияда - 0,2% байқалды.

Жұмыссыздық деңгейі. Еуростат деректері бойынша жұмыссыздықтың деңгейі 2006 жылдың тамызында ЕО-25-те экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына 8,0% (2005 жылғы тамызда – 8,7%), Еуро-аймақта 7,9% (8,5%) құрады.

2006 жылдың тамызында жұмыссыздықтың ең төмен деңгейі Данияда – 3,7%, Нидерландыда– 3,8%, Эстонияда – 4,2%, Ирландияда – 4,4% тіркелді. ЕО-25 елдері арасында жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Польшада (15,0%), Словакияда (13,1%) байқалды.

Соңғы он екі ай ішінде (2005 жылдың тамызынан бергі) жұмыссыздық деңгейінің өсуі Венгрияда (7,3%-дан 7,6%-ға дейін), Люксембургте (4,6%-дан 4,8%-ға дейін), Бельгияда (8,5%-дан 8,6%-ға дейін), ал ең көп төмендеуі – Эстонияда (7,5%-дан 4,2%-ға дейін), Словакияда (16,0%-дан 13,1%-ға дейін), Польшада (17,7%-дан 15,0%-ға дейін), Литвада (7,7%-дан 5,7%-ға дейін), Латвияда (8,9%-дан 7,2%-ға дейін) байқалды. 2006 жылдың тамызында 2005 жылғы тамызбен салыстырғанда ерлер арасындағы жұмыссыздық деңгейі ЕО-25-те 7,8%-дан 7,2%-ға дейін, Еуро-аймақта – 7,4%-дан 6,8%-ға дейін төмендеді. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі Еуро-аймақта 9,9%-дан 9,2%-ға дейін, ЕО-25-те 9,8%-дан 9,1%-ға дейін төмендеді.

25 жасқа дейінгі жұмыссыздар деңгейі ЕО-25 аумағында Нидерландыдағы 6,3% бен Польшадағы 30,9% арасында ауытқып тұр. 2006 жылдың тамызында жастар арасындағы жұмыссыздық өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда Еуро-аймақта 17,5%-дан 17,0%-ға дейін, ЕО-25-те – 18,3%-дан 17,5%-ға дейін төмендеді.

Еростаттың алдын ала деректері бойынша 2006 жылдың тамызында Еуро-аймақта 11,5 млн., ЕО-25-те – 17,5 млн. ерлер мен әйелдер жұмыссыз болды. Бұл деректер ХЕО (Халықаралық Еңбек Ұйымы) критерийлерін ескере отырып түзетілген.

13.3 2006 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕГІНДЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАРЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК РЫНОГЫНЫҢ КОНЪЮНКТУРАСЫ

Энергетикалық тауарлар. Энергетикалық тауарлар. World Bank деректері бойынша 2006 жылдың қыркүйегінде 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда бағаның төмендеу үрдісі негізгі энергетикалық тауарларға байқалды.

2006 жылдың қыркүйегінде өткен аймен салыстырғанда бағаның төмендеуі мұнай маркаларының барлық түрлеріне тіркелді: Brent маркалы мұнай бағасы – 14,7%, Dubai маркалы мұнай бағасы – 13,1%, WTI (Техас Батыс штаты) маркалы мұнай бағасы – 12,6%. Шикі мұнайдың бағасы - орташа споты 14,7%-ға төмендеді. Табиғи газдың бағасы АҚШ-та 30,6%-ға төмендесе, Еуропада – 0,7%-ға өсті.

Мұнайдың әлемдік бағасының серпіні

(доллар/баррель)



Металдар. 2006 жылдың қыркүйегінде 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда металдардың әлемдік рыногында әртүрлі үрдістер байқалды. Сонымен, қорғасынның бағасы – 14,3%-ға, алюминийдің - 0,5%-ға, қалайының - 6,3%-ға, мырыштың - 1,7%-ға өсті. Мұның өзінде, никельдің бағасы 2,0%-ға, мыстың бағасы – 1,2%-ға төмендеді. Қымбат металдар рыногында күміс бағасының – 5,3%-ға, алтын бағасының – 5,4%-ға төмендегені байқалды. Суықтай илектелген және ыстықтай илектелген жайма болаттың, білеуше-болаттың, сондай-ақ темір кенінің бағасы 2006 жылдың тамызындағы деңгейде өзгеріссіз қалды.

Металдардың және болаттың әлемдік бағасы

(доллар/тонна)



Ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарлары. 2006 жылдың қыркүйегінде 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы тауарларының әлемдік рыногында әртүрлі үрдістер байқалды.

Мәселен, Канададан әкелінген бидайдың бағасы 0,5%-ға төмендесе, АҚШ-тың SRW және HRW бидайының бағасы – тиісінше, 12,5%-ға және 3,2%-ға өсті. Өткен аймен салыстырғанда 2006 жылдың қыркүйегінде жүгері бағасының 4,4%-ға өскені байқалды. Шайдың бағасы (3 аукционның орташа мәні) – 2,5%-ға, Тай күрішінің (5%-дық) бағасы 0,2%-ға төмендеді.

2006 жылдың қыркүйегінде 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда қант бағасының төмендеуі ЕО-ның ішкі рыногында 0,6%, АҚШ-тың ішкі рыногында – 1,1%, әлемдік рынокта - 10,6% тіркелді.

Сиыр етінің бағасы 0,1%-ға, балықтың бағасы – 6,5%-ға төмендеді.

Бидайдың әлемдік бағасының серпіні

(доллар\ тонна)



Шикізат және тыңайтқыштар. 2006 жылдың қыркүйегінде 2006 жылдың тамызымен салыстырғанда Камеруннан әкелінген сүрек (ағаш материалы) бағасының 0,3%-ға өскені, ал Малайзиядан әкелінген сүрек (ағаш материалының) бағасының, керісінше, 0,3%-ға төмендегені байқалды. Малайзиядан әкелінген сүректің (бөрененің) бағасы – 2,7%-ға өсті. Бағаның төмендеуі A Index мақтасына 0,8%, Memphis мақтасына – 3,7% байқалды. Бағаның төмендеуі каучуктың барлық түрлеріне тіркелді. Диаммониум фосфатының бағасы 0,8%-ға төмендеді. Калий хлоридінің және тау фосфатының бағасы ағымдағы жылдың тамызындағы деңгейде қалды.

Шикізаттың әлемдік бағасы

(цент/кг)



Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігінің
Төрағасы **Б.Сұлтанов**

1. КРАТКИЕ ИТОГИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЯНВАРЕ-СЕНТЯБРЕ 2006 года

Реальный сектор экономики. Объем промышленного производства в январе-сентябре 2006г. составил в действующих ценах 4703 млрд. тенге, что на 6,8% больше, чем в январе-сентябре 2005г. В обрабатывающей промышленности объем производства по сравнению с аналогичным периодом 2005г. возрос на 7,8%, в горнодобывающей промышленности – на 6,1%, в производстве и распределении электроэнергии, газа и воды – на 5,9%.

Объем валовой продукции сельского хозяйства в январе-сентябре 2006г. составил в текущих ценах 632,0 млрд. тенге и по сравнению с январем-сентябрем 2005г. увеличился на 8,2%.

Общий объем грузоперевозок (с учетом оценки объема перевозок грузов нетранспортными организациями и предпринимателями, занимающимися коммерческими перевозками) в январе-сентябре 2006г. составил 1451,5 млн. тонн и по сравнению с соответствующим периодом 2005г. возрос на 4,1%.

Объем розничного товарооборота (без оборота общественного питания) за отчетный период составил 1112,5 млрд. тенге и увеличился по сравнению с январем-сентябрем 2005г. на 13,7%.

Объем инвестиций в основной капитал в январе-сентябре 2006г. составил 1802,9 млрд. тенге, что в 1,2 раза выше, чем в январе-сентябре 2005г.

По состоянию на 1 октября 2006г. в республике зарегистрировано 243223 юридических лиц, в том числе с численностью до 50 человек - 229049. Действующих юридических лиц – 177348. Среди действующих юридических лиц малые предприятия составляют - 164131, из них субъектов малого бизнеса – 116550.

Внешняя торговля. Внешнеторговый оборот Казахстана (данные Комитета таможенного контроля Министерства финансов Республики Казахстан, без учета неорганизованной торговли) в январе-августе 2006г. составил 38223,8 млн. долл. США и по сравнению с январем-августом 2005г. увеличился на 33,4%, в том числе экспорт – 23899,7 млн. долл. США (увеличился на 34,9%), импорт – 14324,1 млн. долл. США (увеличился на 30,9%).

Цены. Индекс потребительских цен в сентябре 2006г. по сравнению с декабрем 2005г. составил 105,9%. Цены на продовольственные товары возросли на 4,4%, непродовольственные товары – на 5,4%, платные услуги – на 8,9%. Цены предприятий-производителей промышленной продукции в сентябре 2006г. повысились по сравнению с декабрем 2005г. – на 18,9%.

